122. Шиповских Геннадий Геннадиевич – «Жастар үні» республикалық қоғамдық бірлестігінің мүшесі

123. Шыңғысбаева Ләззат Алтынбекқызы – «Қазақстан халқына» қоғамдық қорының басқарма төрағасы

124. Ысқақова Жұлдызай Амангелдіқызы – «Қазақстандық қоғамдық даму институты» коммерциялық емес акционерлік қоғамының басқарма төрағасы

125. Эктова Ирина Андреевна – Солтүстік Қазақстан облысы мәслихатының депутаты

126. Юсупова Әлия Мақсұтқызы – Шымкент қаласы мәслихатының депутаты, «Қазақстан ұлттық гимнастика федерациясы» қауымдастық нысанындағы заңды тұлғалар бірлестігінің президенті

Дереккөз: Қазақстан Республикасы Президентінің ресми сайты — akorda.kz



Дүйсенбі - Понедельник, 28 қыркүйек

ХАБАР

05.00,02.30 ҚР Әнұраны
05.00 «Вальс» Нурболат Абдуллин
07.00 «Оян!»
09.00, 19.00 «Ақ жеңге»
10.00,21.00 «Алданған тағдыр»
11.00 «Пингвиненок Пороро нападение монстров»
12.00 «Белка и Стрелка Озорная семейка»
13.10 «Народный контроль»
14.40 «Шашу»
15.00,20.00 «Келінжан»
18.00 Новости
18.30 Жаңалықтар
23.00 «Музарт-25 жыл»
23.30 «Әзіл бәйге»
00.10 Сериал «Ловушка»
01.00 Телесериал

ЕВРАЗИЯ

06.00 «Муж моей мечты»
08.00 «Қайырлы таң. Қазақстан!»
09.30 «Доброе утро, Казахстан!»
11.05 «Модный Приговор»
12.05 «Жить здорово»
13.10 «Аналитика»
14.10 «Жаңалықтар»
14.25 «Новости»
14.30 «Қослайк»
18.30, 03.25 «Басты жаңалықтар»
19.00,03.45 «Көреміз шоу»
20.00, 01.40«ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»
20.35 Сериал «Васька»
02.40 Сериал «Знахарь»

КТК

07.00 ҚР Әнұраны
07.05 Нұрсұлтан Нұрбердиев ән кеші
08.55 «Закира», отандық телехикаясы
10.00 Сериал «Пламя жизни»
12.20 «Донор»
14.50 «Битва экстрасенсов реванш»
16.30 Сериал «Певица»
18.30 Сериал «Пламя жизни»
20.30 Кешкі жаңалықтар
21.00 Вечерние новости
21.40 «Битва экстрасенсов реванш»
23.20 Сериал «Агенты справедливости»
01.30 Сериал «Певица»
03.20 Сериал «Раушан мен Саша»
04.20 «Закира»
05.00 «Әнім сен едің»
05.30 «ктк қоржыны»
06.05 Кешкі жаңалықтар (қайталау)

ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
07.20 «Еркін қозғалыс»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/
09.30 «Бір кітап»
10.00 «Угәгәй melody»
10.50 «Әсем әуен»
11.00 «Еркін қозғалыс»
11.10 «Тарлан»
11.35 «Әсем әуен»
12.00 «Тілашар» /тікелей эфир/
13.00 «Единый народ»
13.30 «Әсем әуен»
14.30 «Таза мекен»
15.00 Жаңалықтар /тікелей эфир
15.20 «Әсем әуен»
16.00 Новости/прямой эфир
16.20 «ДАRA LINE»
17.00 «Әсем әуен»
18.00 «19 аймақ» /тікелей эфир
18.40 «Әсем әуен»
19.00 Д/ф «Travel Kazakhstan»
20.00 «Әсем әуен»
20.30 Қорытынды жаңалықтар
21.00 «Тиын мен түйін»
21.30 Итоговые новости
22.00 К/ф «Көрінбейтін көмекші»
22.40 «Әсем әуен»

31 КАНАЛ

05.58 ҚР Әнұраны
06.00, 04.00 «Әзіл студио» ойын-сауық
07.00 «Алдараспан»
08.30 Мультсериал «Губка Боб»
09.00 Мультсериал «Черепашка ниндзя»
09.40 «Младенец на прогулке»
12.00 худ. фильм «Джек Райан теория хаоса»
14.40 худ. фильм «ИП Ман»
17.20 худ. фильм «ИП Ман-2»
20.00 информбюро (рус., каз.)
21.00 худ. фильм «Дивергент-3. За стеной»
23.30 «Сен болмасаң»
00.10 худ. фильм «Әлек болған әйел»
02.40 «Time Vine» ойын-сауық
03.00 «Тик ток» ойын-сауық
03.20 «What's up?» ойын-сауық
04.00 «Әзіл студия» ойын-сауық
04.20 «1001 Әзіл» ойын-сауық
04.30 Телевикторина «Bala battle»
05.00 «Күліп ал» ойын-сауық
05.20 «Ризамын» ойын-сауық

7 КАНАЛ

05.30 «Әкесің баласы»
06.40,20.00 Телехикая «Запретная любовь»
09.00,09.40, 16.00,18.30,02.20Телесериал
09.30,12.20 Новости
10.30 Телехикая «Мың рет сүйдім»
12.30 Союзмультфильм
13.50,00.20 «Бишарашки»
18.00 Жаңалықтар. тікелей эфир
19.30 Новости. прямой эфир
22.10 сериал «Далекий город»
23.10 «Иффет»
00.20 «Невпопад»
03.10 Әйгерім Сайфолланың сырласуы
03.40 Қызықты юкенд
04.20Тазалық уақыты
04.50 «Өсекшілер»

Считать недействительным утерянный бланк ИБР Литва выданный 2026 году, № 35667 ИП «Жансерикова» ИИН 870325400955

Сейсенбі - Вторник, 29 қыркүйек

ХАБАР

05.00,02.30 ҚР Әнұраны
05.00 «Айбозым айхай бозым»
07.00 «Оян!»
09.00, 19.00 «Ақ жеңге»
10.00,21.00 «Алданған тағдыр»
12.00 «Ойнайық»
13.00 «Өзекті»
15.00,20.00 «Келінжан»
16.25 «Бітпейтін той»
18.00 Новости
18.30 Жаңалықтар
23.00 «Музарт-25 жыл»
23.30 «Әзіл бәйге»
00.10 Сериал «Ловушка»
01.10 Телесериал

ЕВРАЗИЯ

06.00 «Муж моей мечты»
08.00 «Қайырлы таң. Қазақстан!»
09.30 «Доброе утро, Казахстан!»
11.05 «Модный Приговор»
12.05 «Жить здорово»
13.10 «Давай поженимся»
14.10 «Жаңалықтар»
14.25 «Новости»
14.30 «Қослайк»
18.30, 03.20 «Басты жаңалықтар»
19.00,03.45 «Көреміз шоу»
20.00, 01.45«ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»
20.35 Сериал «Васька»
02.20 Сериал «Знахарь»

КТК

07.00 ҚР Әнұраны
07.05 Кешкі жаңалықтар (қайталау)
07.40 «Әнім сен едің»
08.10 «Закира», отандық телехикаясы
10.00 Сериал «Пламя жизни»
12.20 Сериал «Агенты справедливости»
14.50 «Битва экстрасенсов реванш»
16.30 Сериал «Певица»
18.30 Сериал «Пламя жизни»
20.30 Кешкі жаңалықтар
21.00 Вечерние новости
21.40 «Битва экстрасенсов реванш»
23.20 Сериал «Агенты справедливости»
01.30 Сериал «Певица»
03.20 Сериал «Раушан мен Саша»
04.20 «Закира»
05.00 «Әнім сен едің»
05.30 «ктк қоржыны»
06.05 Кешкі жаңалықтар (қайталау)

ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
07.20 «Еркін қозғалыс»
07.30 «Таңжарық» / тікелей эфир/
09.30 Жаңалықтар
10.00 Новости
10.30 «Тиын мен түйін»
11.00 «Еркін қозғалыс»
11.05 «Әсем әуен»
12.00 «Аман болайық» / тікелей эфир/
12.40 «Әсем әуен»
13.00 «19 аймақ»
13.40 «Әсем әуен»
14.30 «Сергек»
10.40 «Әсем әуен»
15.00 Жаңалықтар /тікелей эфир
15.20 «Жетісу әуендері»
16.00 Новости/прямой эфир
16.20 К/ф «Көрінбейтін көмекші»
17.00 «Білім мен білік»
18.00 «19 регион» /тікелей эфир
18.40 «Әсем әуен»
19.45 Д/ф «Доступ есть?»
20.00 «Әсем әуен»
20.30 Қорытынды жаңалықтар
21.00 «Агро аймақ»
21.15 «Әсем әуен»
21.30 Итоговые новости
22.00 К/ф «Өзгеремін»
22.40 «Әсем әуен»
23.15 «Әу» де»

31 КАНАЛ

05.58 ҚР Әнұраны
06.00, 04.00 «Әзіл студио» ойын-сауық
06.30,05.20 «Ризамын» ойын-сауық
07.00,20.00 Информбюро (рус, қаз)
08.22,05.00 «Күліп ал»
08.20 «Десант көкпен сырласу»
09.00 Мультсериал «Губка Боб»
09.20 Мультсериал «Пингвины Мадагаскара»
09.50 Мультсериал «Черепашка ниндзя»
10.20 «Агент Коди Бэнкс»
12.50 худ. фильм «Город золотого паука»
15.10худ. фильм «ИП Ман-2»
17.50 худ. фильм «Неоспоримый-2»
21.00 худ. фильм «Самаритянин»
23.1 0 «Сен болмасаң»
23.50 худ. фильм «Суреттегі қаһарман»
02.40 «Time Vine» ойын-сауық
03.00 «Тик ток» ойын-сауық
03.20 «What's up?» ойын-сауық
04.20 «1001 Әзіл» ойын-сауық
04.30 Телевикторина «Bala battle»

7 КАНАЛ

05.30 «Ата-ана, бала -шаға»
06.40,20.00 Телехикая «Запретная любовь»
09.00,09.40, 16.00,18.30,02.20Телесериал
09.30,12.20 Новости
10.30 Телехикая «Мың рет сүйдім»
12.30 Союзмультфильм
13.50,00.20 «Бишарашки-2»
18.00 Жаңалықтар. тікелей эфир
19.30 Новости. прямой эфир
22.10 сериал «Далекий город»
23.10 «Иффет»
03.00 Әйгерім Сайфолланың сырласуы
03.40 Қызықты юкенд
04.20Телехикая «Өсекшілер»

Сәрсенбі - Среда, 30 қыркүйек

ХАБАР

05.00,02.00 ҚР Әнұраны
05.00 «Алашұлы» тобының ән кеші
07.00 «Оян!»
09.00, 19.00 «Ақ жеңге»
10.00,21.00 «Алданған тағдыр»
12.00 «Ойнайық»
13.00 «Балам үшін» медициналық танымдық
13.30 Телехикая «Рауза»
15.00,20.00 «Келінжан»
16.15 «Көршілер»
18.00 Новости
18.30 Жаңалықтар
23.00 «Музарт-25 жыл»
23.30 «Әзіл бәйге»
00.10 Сериал «Ловушка»
01.10 Сериал «Двигатель внутреннего сгорания»

ЕВРАЗИЯ

06.00 «Цепляясь за лед»
06.50 Сериал «Поздее раскаяние»
08.00 «Қайырлы таң. Қазақстан!»
09.30 «Доброе утро, Казахстан!»
11.05 «Модный Приговор»
12.05 «Жить здорово»
13.10 «Давай поженимся»
14.10 «Жаңалықтар»
14.25 «Новости»
14.30 «Қослайк»
18.30, 03.20 «Басты жаңалықтар»
19.00,03.45 «Көреміз шоу»
20.00, 01.45«ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»
20.35 Сериал «Васька»
02.20 Сериал «Знахарь»

КТК

07.00 ҚР Әнұраны
07.05 Кешкі жаңалықтар (қайталау)
07.35 «Әнім сен едің»
08.10 «Закира», отандық телехикаясы
09.10 Вечерние новости
10.00 Сериал «Пламя жизни»
12.20 Сериал «Агенты справедливости»
14.50 «Битва экстрасенсов реванш»
16.30 Сериал «Певица»
18.30 Сериал «Пламя жизни»
20.30 Кешкі жаңалықтар
21.00 Вечерние новости
21.40 «Битва экстрасенсов реванш»
23.20 Сериал «Агенты справедливости»
01.30 Сериал «Певица»
03.20 Сериал «Раушан мен Саша»
04.20 «Закира»
05.00 «Әнім сен едің»
05.30 «ктк қоржыны»
06.05 Кешкі жаңалықтар (қайталау)

ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
07.20 «Еркін қозғалыс»
07.30 «Таңжарық» / тікелей эфир/
09.30 Жаңалықтар
10.00 Новости
10.30 «Агро аймақ»
11.00 «Еркін қозғалыс»
11.05 «Әсем әуен»
12.05 «Біздің толқын» / тікелей эфир/
13.00 «19 регион»
13.40 «Әсем әуен»
14.30 «Әке»
15.00 Жаңалықтар /тікелей эфир
15.20 «Әсем әуен»
16.00 Новости/прямой эфир
16.20 К/ф «Өзгеремін»
17.00 «Угәгәй melody»
18.00 «19 аймақ» /тікелей эфир
18.40 «Әсем әуен»
19.40 Д/ф «Жайлы мектеп»
20.00 «Әсем әуен»
20.30 Қорытынды жаңалықтар
21.00 «Біздің бренд»
21.30 Итоговые новости
22.00 К/ф «Туысқанның үйіне бармаймын»
22.40 «Әсем әуен»
23.20 «Аман болайық»


31 КАНАЛ

05.58 ҚР Әнұраны
06.00, 04.00 «Әзіл студио» ойын-сауық
06.30,05.20 «Ризамын» ойын-сауық
07.00,20.00 Информбюро (рус, қаз)
08.22,05.00 «Күліп ал»
08.20 «Десант көкпен сырласу»
09.00 Мультсериал «Губка Боб»
09.30 Мультсериал «Пингвины Мадагаскара»
10.00 Мультсериал «Черепашка ниндзя»
10.20 «Дивергент-3 за стеной»
13.10худ. фильм «Агент Коди Бэнкс-2 пункт назначения лондон»
15.30худ. фильм «Неоспоримый-2»
17.50 худ. фильм «Неоспоримый-3»
21.00 худ. фильм «Спецназ города ангелов»
23.50 «Сен болмасаң»
00.30 худ. фильм «Сезім сергелдеңі»
02.50 «31 әзіл» ойын-сауық
03.20 «Time Vine» ойын-сауық
03.40 «Тик ток» ойын-сауық
04.00 «What's up?» ойын-сауық
04.40 «1001 Әзіл» ойын-сауық
04.50 Телевикторина «Bala battle»

7 КАНАЛ

05.30 «Ата-ана, бала -шаға»
06.40,20.00 Телехикая «Запретная любовь»
09.00,09.40, 16.00,18.30,02.20Телесериал
09.30,12.20 Новости
10.30 Телехикая «Мың рет сүйдім»
12.30 Союзмультфильм
13.50,00.20 «Дубай любой ценой»
18.00 Жаңалықтар. тікелей эфир
19.30 Новости. прямой эфир
22.00 сериал «Далекий город»
23.00 «Иффет»
03.00 Әйгерім Сайфолланың сырласуы
03.50 Қызықты юкенд
04.20 Тазалық уақыты
04.50Телехикая «Өсекшілер»

Сембек СОЛТАНҰЛЫ
«Алатау»





Ел үшін туған ер,
Ұрпаққа үлгі болған дана батыр

Ұлы дала төсіндегі ұлы көшті даналықпен басқарып, кемелдікпен келешектің жолына салған бабаларымыз жетерлік. Байтақ қазақ даласын айтпағанның өзінде жер жәннаты аталатын Жетісу жерінен қаншама сөз бастаған шешендеріміз бен ел бастаған көсемдеріміз шыққан! Олардың әрқайсысының өмірі біз үшін өнеге, ұрпақ үшін сарқылмас қазынаға айналған. Біздің, яғни аға буынның мақсаты – сол бабаларымыздың сара да дара жолын ұрпаққа жеткізу. Өзендермен өрнектелген өлкеде Қаратал және Іле өзендерінің бойына қазығын қағып, қазан көтеріп, келер ұрпағының қасиетті қонысына айналдырған Қаблиса, Ескелді, Балпық аталарымыздың тарихтан алар орны ерекше.
Балпық би Дәріпсалұлы (1694–1784) — Жетісу өңірін жоңғар басқыншыларынан азат етуге қатысқан өте қадірлі би, қолбасшы, шешен әрі көзі тірісінде әулие атанған біртуар тұлға.

ТАРИХҚА ТАҒЗЫМ – БАБАЛАРҒА ТАҒЗЫМ

Ол Ескелді би, Қабылиса (Қабан) ақынмен бірге көзі тірісінде-ақ әулие саналған, 1694 жылы дүниеге келіп, Қаратал, Көксу бойында 1784 жылы қайтыс болса керек. Балпық он екі ата Жалайырдың ең үлкені Андас тармағына жатады. Бұрын Жалайыр елінде әрі көсем, әрі шешен, әрі би, әрі қол бастаған батыр атанған Балпықтың тарихи еңбегі ерекше. Қай жерде, қандай жағдайда болмасын өзінен екі жас үлкен Ескелді бимен аты қатар аталған. Жүздеген жылдар бойы үздіксіз шапқын жасап тұрған Жоңғар қалмақтарынан ығысып, Сыр бойын, Шу бойын паналап жүрген Жалайырлардың басын құрап, Ескелді би, Қабан ақын, Орақ батырлармен бірге жаудан босаған Жетісу өлкесіне көшіріп әкеліп, қоныстандырған еңбегі ел аузында ерекше айтылады. Бұл жөнінде мынадай жыр жолдары сақталған:

Сырдарияның бойында,
Қазалының ойында,
Халқын түгел жинаған.
Қараталдың бойына,
Текелінің ойына,
Қоныстанып тойлаған.

Нақтылы деректерге сүйенсек, Балпық, Ескелді, Орақты батыр Аңырақай шайқасында Жалайырлардың қолын бастап, қалмақтарды Іле дариясына тоғытқан. Жаудың негізгі күші Талдықорған жаққа қашқанда үлкен бір тобы қасқа жолдан шалғайда жатқан Іле, Балқаш, Қамау жақты паналамақ болады. Ұлы қолбасшылар Кіші жүздің ханы Әбілқайыр, Қаракерей Қабанбай, Қанжығалы Бөгенбай, Шапырашты Наурызбай, Жаныс Өтеген, суан Сатай, Албан Райымбектер қалмақтарды күншығыс жаққа түре қуғанда, артта, қапталда қалған жау тобын жайратуды Ескелді, Балпық, Орақ батырлардың жасағына тапсырса керек. Қапшағайдан Балқашқа дейінгі 500 шақырымдай ұзақ жолда олар жүргізген жойқын жорық жайында ел аузында аңыз, әңгіме көп. Осы күнге дейін Іле, Жиделінің құйылысында, Балқаш көліне жақындау аймақта "Үш қалмақ" деген шұрайлы жер бар. Сол үшеуі өз еркімен жалайырлардың қолбасшыларына тыңшылық қызмет етсе керек, содан соң жер үшеуіне сыйға берілген тәрізді. Мұның бәрін келтіріп отырған себебім – әулие ата-бабаларының рухына өткен ғасырда да, жаңа заманда да ұрпақтары әрдайым сиынып жүргенін айғақтау. XVIII ғасырдың бірінші жартысындағы хандар - Жолбарыс, Әбілмәмбет, Әбілқайырлар, одан кейін Абылай Жалайыр тайпасын жер жаннаты Жетісудың ең шұрайлы өлкесі — Көксу, Қаратал, Іле аймағына қоныстандырғанда, сонау Шыңғыс хан заманынан бермен қарайғы елдің елдігін, азаматтарының ерлігін, үш әулие Ескелді, Балпық, Қабылиса-Қабан сияқты ел басшыларының еңбегін ескерсе керек. Ұлы ақын Сүйінбай өзіне ұстаз тұтқан Қабылиса-Қабан ақын ойлы да терең сөздерімен ел рухын көтерсе, Ескелді мен Балпық әрі қол бастап, әрі әділ билік айтып, күллі Жалайырдың ауызбірлігін сақтай білсе, Орақты сияқты батырлары елін, жерін қорғап, аттары аңызға айналған. Балпық айтты деген шешендік сөздер 1993 жылы жарық көрген ғылым докторы Нысанбек Төреқұловтың «Қазақтың би-шешендері» деген кітабына енген. Әлі де ел аузында жүрген, жиналып-қатталмаған қаншама ұлағатты сөздер бар десеңізші. Өйткені тоқсан жас жасаған әулие қарияның ұрпаққа қалдырған мұрасы ұшан-теңіз екеніне күмән жоқ.



Ағайын қадірі-адалдық,
Аулақ жүрсін жамандық.
Жаманға бойды алдыртпа,
Қаларсың түнек тарлықта.



БАЛПЫҚ БИ КЕСЕНЕСІНДЕ

2026 жылы қыркүйек айының 17 жұлдызы Жетісу облысы Қаратал ауданының орталығы Үштөбе қаласына жақын жерде, Түрксіб теміржолының бойынан орын тепкен Балпық би әулие бабаның кесенесінің қақпасы алдына Жетісу өңіріндегі игі жақсылар жиналған ортаға біз де келіп орта толтырдық. Қатардағы топ адамдарға түгел амандасқан бізді ортада тұрған көпті көріп, көңілге түйгені көп, абыз ақсақал Наурыз Қылышбайұлы ағамыз жылы қарсы алды. Бізден кейін де біраз адамдар келіп жатты. Сәл–пәл тұрып көргеніміз - Балпық би атамыздың жатқан орнының айналасының толық абаттандырылғандығы.

Арнайы шақырылған қонақтар алдында жаңарған кесененің ашылу салтанаты жасалынып, қақпа алдында лента қиылды. Лентаны қию рәсімі Жетісу облысының ақсақалдар кеңесінің төрағасы Ермек Әбілмәжінұлы Келемсейтов, бұрынғы сенат депутаты болған ағамыз Жексенбинов Жомартқали Баясылұлы және Өмірәлі Жалайыри ағаларға құрметпен тапсырылды.

Абаттандыру жұмыстарына қолұшын берген азаматтарға Наурыз аға алғыс білдірді. Сонымен қатар Жетісу өңіріндегі ұлылар мен әулие бабалардың басына орнатылған кесенелердің жобасын жасаған белгілі қазақстандық сәулетші, Қазақстанның құрметті сәулетшісі, ҚР Көркемсурет академиясының академигі және Алматы облысының құрметті азаматы – Баулықов Қаби Баяділұлының еңбегін ерекше атап өтті. Жиналған топқа жол бойына қатар-қатар қойылған тұлғалардың (би, батыр, ақын) тақтасындағы бейнелерді таныстырып отырды. Одан әрі алаңқайға орналастырылған Балпық бидің бейнесі көрсетілген тақта әрі екі жағына тең (симметриялы) түрде ұлағатты сөздері жазылған тақталар ілінген қабырға тұсынан өтіп, Балпық ата жатқан үлкен кесененің ішіне кіріп тәу еттік. Шырақшы молда құран бағыштады. Бәріміз жақсы тілеумен бет сипадық.

Кесенеден шығып жаңағы алаңқайға келіп отырғаннан кейін Наурыз аға осы Жетісу өңіріндегі өмірден өткен тұлғалар туралы кеңінен айтып, болашақтағы жоспарларымен таныстыра келіп, осы істің басында жүрген алқа мүшелеріне тапсырмалар берді. Кесене айналасын абаттандыруды қолдап, істің басында жүріп аяғына дейін жеткізген азаматтар Ермек Келемсейітовке, Рахмет Есдәулетовке құрметпен шапан жауып, «Андас атаның» шежіре кітабын таратты. Келесі сөз Рахимов Алпысбайға беріліп, ол кісі атқарылған жұмыстарға толық мәлімет бере отырып, алдағы межелеген жоспарларға тоқталып өтті.



ТҰЛҒА ТАНУ – ТАРИХТЫ БІЛУ

Одан әрі Наурыз аға қайтадан сөзді жалғастырып: "Әруақ риза болмай тірі байымайды, өңірдегі әрбір тұлғаның басына осындай абаттандыру жұмыстары жүргізілсе үлкен ұлағатты, тәлімді іс болар еді. Ескелді мен Балпықты ел-жұрт "қос әулие" деп атаған, Ескелді, Балпық, Қаблиса аталар болашақ ұрпақ қамын ойлап өз тұсында үлкен істер атқарды.

Бүгінгі күні біздің осындай шұрайлы, бай өлкеден орын теуіп тұрып жатқанымыз да сол аталардың арқасы", - дей келе, "Тұлға тану туралы тақырыпты жалғастырыңыз", – деп, сөзді ҚР құрметті жазушысы, бірнеше кітаптардың, соның ішінде «Мұқали» туралы кітаптың авторы, халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты Әміре Әрінге ұсынды.

Сөз кезегін алған Әміре кеңінен толғап, өткен ата-бабаларды ұлықтау қазіргі ұрпақтың еншісі. Ол дегеніміз сол әулие бабаларға сиыну, басына келіп тәу ету, белгі тас қою, күмбез тұрғызу бізден кейінгі ұрпақтар үшін жасалынған үлгілі, өнегелі іс екендігін жоғары бағалап айтып өтті. Өткен түркі әлеміндегі «Мағол» бабамыздың, одан бергі «Алаша» тұстағы « Шыңғыс қағанаты», «Жошы хан», «Ақсақ темір» төңірегіндегі тарихқа кең молынан тоқталып, қай заман болса да елдің басын біріктіріп, игілікті іс жасауды ұйымдастыру белгілі бір тұлғалардың қолынан келері хақ. Бұдан кейін бүгінгі күні ел басқарып отырған еліміздің президенті Қасымжомарт Кемелұлы Тоқаевтың даналығы туралы айтып өтті. Қытай елінде елшілікте жүріп, біз білмейтін, жария етуге рұқсат етілмейтін сонау түркі дәуіріндегі тарихты оқып біліп алған. Салихалы саясатты сабырмен жүргізіп, ел болашағын шуақты етуге күндіз-түні дамылсыз жүгіріп тырысуда. Қазіргі ортамыздағы сондай тұлғаның бірі абыз ақсақалымыз Наурыз Қылышбайұлын айта аламыз – деп түйіндеді сөзін Әміре.

Жиналған қауым «Тұлға тану» туралы айтылған Әміренің әңгімесіне үлкен ризашылық білдірді. Одан әрі дастархан басында сөз алып сөйлеген азаматтар Тынышбай Досымбеков, Өмірәлі Жалайыри, Жаркент өңірінен келген Мұрат Әубакіров сынды азаматтар сырттағы әңгімені жалғастыра келіп, "алдағы жоспарланған істерге қосқан үлесіміз" деп, бір жағы күрделі жөндеуден өткізіп толық абаттандырылған Балпық би кесенесіне көрімдік ретінде Тынышбай Досымбеков, Мұрат Әубакіров "көрімдікке" және "Дарабоз ана кесенесіне" деп қомақты қаржы атады.

Сол сияқты басқа да азаматтар қолұшын беретіндіктерін жасырмады. Сыртқа шығып, кесене қақпасының алдында Англиядағы New Clasic Press баспасынан шыққан «ЖАМПОЗ» атты кітап таратылды. Жиналған қауым риза болып қоштасып тарасты.

Автордан: Бүгінгі жиын өткенге құрмет жасай отырып, болашаққа үлгі, тәрбие берердей «Тұлға тану» атты облыстық семинар жұмысына пара-пар, тіпті одан да жоғары дәрежеде өткен іс-шара деуге болады. Меніңше, жиынға қатысқан тыңдарман қауымның ойына жиғаны көп болды әрі міндет арқалап қайтты.

alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru
№ 37 (1300) 25.09.2026 Алатау

ӨМІРБЕК МҰСТАФАҰЛЫ ЖАЙЛЫ БІР ҮЗІК СЫР

Барша мағналы өмірін бір салада тұрақты жұмыс істеуге арнау екінің біріне бұйыра бермейтін бақыт деуге болар. Меңгерген мамандығының қыр-сырына жете қанықкан, кәсібінің шынайы шебері атанған, бойындағы бар махаббаты мен мейірін осы бағытқа жұмсай білгендер ғана арман-мұратына жететіні анық. Бұл тұрғыдан алғанда Балқаш ауданына қарасты Құйған ауылында туып-өскен Өмірбек Мұстафаұлының атқарған қызметі осынан лайықты деуге болады. Ол саналы ғұмырын толықтай банк жүйесінің қызметіне бағыштаған ақиық азамат. Бұрынғы Күрті аудандық банктің қызметкері болудан еңбек жолын бастаған Өмірбек осы банкті отыз жылдан астам уақыт басқарды. Өзіне көрсетілген сенімді ақтады. Шәкірттерін баулыды. Абыройы артып, беделі биіктеді. Тәлімді тәжірибе жинақтады.

Зейнеткерлік демалысқа шыққанымен әлі күнге дейін банк қызметінен қол үзбей, сүйікті кәсібін жалғастырғаны және белгілі. Бүгінде сексен жылдық мерейтойын атап өткелі отырған Өмірбек Мұстафаұлын туған күнімен құттықтай отырып, мерейтой иесінің өмір жолын өрнектейтін жыр-дастанды «Алатау» газетінің оқырмандарына ұсынып отырмыз.



Әли Ысқабай

Сексенің құтты болсын желіп жеткен,
Кемелдендің өзің де көріп көптен.
Қатар жүрдің иықтасып
жайсаңдармен,
Көңіліңді марқайтып, көрікті еткен.

Заңғар көктей сексеннің
қыр асқандай,
Сергектікпен келесің құлаш талмай,
Сілтей бергін, құлшынып алға қарай,
Күш-жігерің жастыққа ұласқандай.

Аралтөбе құмында асыр салған,
Ұяң ұл ең әкеден бәсіре алған.
Талаптанып оқуға, білім құдың,
Күткендей-ақ өзіңді ғасыр алдан.

Демеу күткен бір Алла-жаратқаннан,
Өршіл едің тек өрге талаптанған.
Күш-жігерді еліңе жұмсағын деп,
Жетеледі биікке қанатты арман.

. . . Қарлы қыста, ұйтқыған борасында,
Қасқыр ұлып қоятын арасында.
Мұстафа әкең бағатын қоралы қой
Күйіс қайырып жататын қорасында.

Белес-белес шағыл құм төбесінде,
Тербегендей кең дала кемесінде,
Тұла бойды тылсым күш билегенде,
Құлақ түріп қоятын елес үнге.

Ақпандағы қаталдау қыстың кәрін,
Сипап тастап бетті ұрған ұшқын
қарын,
Сауғалайтын бүк таппай ықтасынды,
Қыста тысқа түнеген үш күн жарым.

Бастан кешіп тіршілік қарбаласын,
Мекен етіп аймақтың Ақдаласын,
Ұзақ жылдар қоғамның қойын бағып,
Мұстафа әкең өсірді бар баласын.

Мұстафаны ер десіп дана-сынды,
Мейір төккен Мәкендей анашыңды
Ел сыйлайтын текті деп көпті көрген,
Пейілдері кең дейтін дала-сынды.

Өмірәлі ағаң да ширақ еді,
Тым елгезек, ақ пейіл, ибалы еді.
Тура атамай атын да, Қалқан десіп,
Құрмет тұтты, ардақтап, сыйлап елі.

Дәнипа әпкең жан еді қабағы ашық,
Ел-жұртымен жүретін араласып.
Дәстүр-салтын қазақтың берік сақтап,
Нық жүретін қадамын сара басып.

Өмірәлі, Дәнипа – ізгі жан-ды,
Өзі беріп құдайдың өзі алды.
Озғанымен өмірден олар мәңгі,
Ататегін жалғайтын ізі қалды.

Өмір қатал. Жазмышқа бағынасың,
Құлатқанмен сұм ажал тағын-тасын,
Жадыраған жандарды жаз күніндей,
Бүгін ойлап, бейнесін сағынасың.

Сыныңындай алтынның тұяқтарын
Қамқорлыққа алдың сен жиып бәрін.
Шайқалтпадың ағаңның шаңырағын,
Көрсетпедің таршылық, қиналтпадың.

Ізетіңмен, ізгілік зейініңмен,
Күн нұрындай шуақты мейіріңмен,
Қайғы басқан көңілді сауықтырып,
Қамқор болдың шынайы пейіліңмен.

Отбасының көтеріп ауыр сынын,
Жастайыңнан қатайды қауырсының.
Жаның ашып көген көз бауырыңа,
Буындарын бекіттің буыршынның.

Білім берген әр үйдің еркесіне,
Қызмет еткен туған жер өлкесіне,
Өнияшты ұстаз деп таниды елі,
Түйіп өскен мейірді зердесіне.

Инабат пен ибалық үлгісіндей,
Жүзі жайнап жүретін гүл түсіндей,
Өния да жасынан еңбекқор-ау,
Атқаратын міндетін бір кісідей.

Қамқор болар әулеттің жұратына,
Үлкен сенім жүктелген Мұратыңа,
«Азамат бол ардақты» – деп тілейсің,
Дақ түсіре көр ме деп ұл атына.

Қоныстарың болса да алыс-қашық,
Ынтымақты тілекпен қол ұстасып,
Ошақ отын маздатқан әулетіңде
Сезінесің жатқандай табыс тасып.

Бұл жақсылық нышаны өнегелі,
Адамшылық мейірге кенегені.
Берекесін бірліктің берік ұстап,
Бір ғанибет кең жайған керегені.

Нұрын шашып пейілдің алаулатып,
Дастарқанды кең жайдың танаулатып.
Түзу шықты түндіктен түтінің де,
Әулет даңқын көтердің жалаулатып.

* * *

Бітірді де мектепті – онжылдықты,
Сәті түсіп болды да жолы құтты,
Ата дәстүр салтымен отау тігіп,
Шымылдыққа түсірдің қалыңдықты.

Зухрамен екеуің қосылғанда,
Бақытты өмір тұр еді тосып алда.
Мәкен ана жүгірді шүйіншілеп,
Хабар беріп жақын маң, ауылдасқа.

Келіп жатты толассыз қуанышқа
Ағайын да, туыс та, бауырлас та.
Келін түсіп, той жасап, жыр ойнатып,
Сайран салды бір апта сырнайлатып.
Ақ ниетін, тілегін ақтарған жұрт,
Жүздеріңді жіберді гүл жайнатып.

Зухра да тербетті бесігіңді,
Сәби енді кең ашып есігіңді.
Қыздар өсті. Ұзаттың тойын жасап,
Басқа қонған бақыт бұл -- осы күнгі.

Саған қонған бақыттың құсы дерлік,
Зухраң бар пып-пысық, ісі -- көрік,
Дархан етіп жайылған дастарқаннан,
Дәм де татқан шалғайдан кісі келіп.

Кешіктім деп жұмыстан жай келетін,
Кезіңде де өзіңді Ай көретін,
Зухраға бір Алла қуат берсін,
Түнде тұрып ерінбей шай беретін.

Қызығына отбасы шаттанасың,
Басиесің ұстаған ноқта басын.
Қызғалдақтай құлпырған
қыздарыңнан,
Ғұмыр бойы баянды бақ табасың.

Үкілеген бір әулет тұлпарысың,
Самғап ұшқан шырқауға сұңқарысың,
Өскен елдің ат жалын тартып мінген.
Сансыз ата, Шолпанқұл ұрпағысың.

Бабаң текті, асылдар тұяғысың,
Тосқауылын елемес қия-құздың.
Зымыранмен жарысқан қиял-құсың,
Тартып туған затыңа – ұялысың.

Арман-оймен барлаған шартарабын,
Ұлан едің тым алғыр нар талабың,
Банктердің меңгеріп тылсым сырын,
Таудай жүгін заманның арқаладың.

Болса егер балалық шағың қандай,
Дақ түспеген тап-таза арың қардай,
Маңдай терің төгілген бағаланып,
Қаржы жиған Банкте бағың жанды-ай.

Көп жыл банк делбесін ұстадың сен,
Қабілетті іскерлік ұштадың сен.
Көркейтуге қатыстың Күрті ауданын,
Құрылыс сап, жаңарттың
қыстағын сен.

Кіріс табу жолының қиындығын,
Есепшіге ұқтырдың тиын құнын.
Атандың сен банктің ақиығы,
Алдан шықты жақсылық, сыйың бүгін.

Іскерлікпен дөп басып көңілдерін,
Билік жақтың ақтадың сенімдерін.
Әділдікті жақтадың, сол себепті,
Тартыстарда кезіккен жеңілмедің.

Болмаса да мықтырақ тірек-күшің,
Батылдық бар бірбеткей, жүректісің.
Біліміңмен білікті мыңды жығып,
Тепсе темір үзетін білектісің.

Мәрттігің бар, мығымсың елдікке де,
Алаламай қарадың теңдікке де.
Қаржы жетпей қолбайлау
болған кезде,
Жасамадың таршылық кеңдікке де.

Ақша артық жұмсалса, безілдедің,
Ақау шықса бір жерден көз ілмедің.
Қызыл отқа жалынды орансаң да,
Төзіп бақтың, сыр беріп езілмедің.

Қиын-қыстау өмірдің бұлаңынан,
Өтіп жүрдің сыр бермей сынағынан.
Адалдықты көтеріп жалау етіп,
Аулақ жүрдің дұшпанның лаңынан.

Жармаспадың жағаға дөкейсініп,
Еш пендені көрмедің өгейсініп.
Жебе болып қадалдың керек кезде,
Қаймықпадың зәбірден үрейсініп.

Бармадың сен біреуді арбауға да,
Байқаусызда түспедің алдауға да.
Даңғазадан шулаған шеттеу жүрдің,
Айқай-шуға бекіндің бармауға да.

Тығырыққа тұрса да тіреліп те,
Даурықпалы кеудем соқ өр, елікпе,
Бой бермейтін даукестің
мысын басып,
Жүгіндірдің дат айтып төрелікке.

Шайқатпадың ешкімге тұнығыңды,
Білмедің де тайсақтап бұғынуды.
Қол жеткіздің құрметке еңбегіңмен,
Маңайыңа таратып жылуыңды.

Шуақ шашып жүрдің сен бар адамға,
Жәрдемдестің үмітпен қарағанға.
Ет жүрегің елжіреп тұратын-ды,
Жақын келіп жаныңа жанағанға.

Білгірлікпен атқарған ісің үшін,
Жұрт сыйлады, адами жаныңды ұғып.

Береріңді бердің сен өз еліңе,
Аларыңды алдың сен кезегінде.
Өкпең де жоқ бір мысқал жаратқанға,
Дәуірледің дәуірдің кезеңінде.

Ел ішінде дәп саған сезім де ерек,
Сәлем берді талай дөй сөзіңді елеп.
Кемелдікті сендегі ұға біліп,
Бас та иді болған соң өзің зерек.



Өмірбек Мұстафаұлы

Ағайынды сыйладың, елжіредің,
Баурай білдің сөзіңмен ел жүрегін.
Жылы жүзбен достарға құшақ жайып,
Құрақ ұшып үкідей желбіредің.

Елгезексің. Паңдық жоқ жүрісіңде,
Нұр төккендей мейір бар күлісіңде.
Өнеге бар, үлгі бар әр ісіңде,
Тапқырлықтың білесің әдісін де.

Бүкпедің сен көңілдің қалтарысын,
Көп те көрдің өмірдің алпарысын.
Дақ түсірмей ақ сезім айдынына,
Ардақ тұттың адамның ар-намысын.

Қызмет еттің үздіксіз еліңе сен,
Маңдай терді сіңірдің жеріңе сен.
Әділдікті арыңдай биік ұстап,
Құрметіңді көрсеттің бәріне сен.

Найзағайдай от шашып
жарқылдадың.
Бір сәтке де еңбектен тартынбадың.
Нық отырдың банктің кеңсесінде,
Иеленіп меншіктей бастық тағын.

Мұқалмадың мойылып, сағың сынып,
Басқа қонған бұлдағы бағың тұнық.
Оранғандай үлде мен бүлдеге сен,
Таң атырдың шаттанып әр күнде сен.
Тәубә дейсің дара жол тірлігіңе,
Кеткен емес ешкімге мүлде есең.

Қуана бер, шаттанып жүргенге есен!
Самалындай Балқаштың өбіп беттен,
Ықыласын айтатын төгіп көптен,
Достарың бар шындықты сүйетұғын,
Туысқандай бір туған болып кеткен.

Ары таза адамды – алтын құймақ,
Сап түзетіп қатарға алдың жинап.
Адамдармен зиялы бірге жүріп,
Қошеметін көрсетті халқың сыйлап.

Өміріңде көп болды сәтті күнің,
Тасқын селі басылмай шаттығыңның,
Шаңырағың шалқыды тойын жасап,
Жоғары ұстап ақ туын пәктігіңнің.

Берекелі ырысты дәулеттісің,
Ел қатарлы тұрмысты сәулеттісің.
Махаббаттан әкелік қуат алған,
Ынтымағы жарасқан әулеттісің.

Сен осындай бақытты Өмірбексің,
Шапағатын көл-көсір Тәңір төксін.
Алға бастап әулеттің өмір көшін,
Жарқырасын жұлдыздай
көңіл хошың!

Шартарапқа ұшырып көңіл құсын,
Шарлап кетсең туған жер, өңір ішін,
Алаулатқан жаныңның отын үрлеп,
Балатеңіз – киелі Тәңір күшің.

... Уақыт жүйрік, күндерді қуалайды,
Асығып та күтесің туар Айды.
Жылдар өтсе, жасың да ілгерілеп,
Жақынмын деп кәрілік сығалайды.

Ағарғанмен ақ шыңдай
шашың-басың,
Жүрегіңнің жалыны басылмасын.
Ептеп әжім жүзіңді шимайласа,
Ол таңбасы – сыйлаған
жасын-жасың.

Күш-қуатың молайсын екпін дарып,
Кәрілікке бой берме, өткін жарып.
Ұрпағыңа байсалды ата атанып,
Саған Тәңір сыйласын көп күн жарық.

Бата берер атасың бүгін де сен,
Жетіпті-ау деп кәрілік бүгілме сен.
Алдыңда әлі асу бар алқабы кең,
Көтеруге керексің жүгін де сен.

Өмірбексің, баяғы қалыптасың,
Қарлығашы көңілдің қалықтасын.
Атқаратын жұмысты жан-тәніңмен,
Дүйім жұртқа белгілі жалықпасың.

Жалындатып жүректі от өре бер,
Қайраттанып ел жүгін көтере бер.
Шаттықпенен атырып таңдарыңды,
Немереден, бұйырса, шөбере көр.
Бал бәбекті иіскеп, мейір қанып,
Бәйтеректей жайқалып көгере бер.

Ататекті ұрпағың жалғастырып,
Ұлағатты үлгіңді алға астырып,
Сүйсіндіріп ләйім қуандырсын,
Бата беріп төрде отыр малдас құрып.

Аламанға қосқандай құнанды бір,
Өмірбектей ұлықтап ұланды дүр,
Уақыт-бәйге жарысын жалғай бергін,
Биік шырқап, самғасын қыран-ғұмыр!

Айналдырып тоқтаусыз шығырыңды,
Биіктеттің қызметте тұғырыңды.
Білген жоқсың ешқашан кідіруді.
Білмей-ақ қой ілгекке ілінуді.

Бар байлықтан денсаулық,
өмір құнды.
Бұзбай сақтап бір қалып жұмырыңды,
Марқайып жүр, Өмеке, арамызда,
Ұзақ етсін бір Алла ғұмырыңды!

Әли ЫСҚАБАЙ,
Қазақстан Республикасының
еңбек сіңірген қайраткері,
Алматы облысы мен Балқаш
ауданының Құрметті азаматы.
Қазақстан Жазушылар одағының
мүшесі.

alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru
№ 37 (1300) 25.09.2026 Алатау

ЕҢБЕК ЕРІНІҢ МҰРАЖАЙЫНДА

ЕЛ ТАРИХЫНДА ТУҒАН ЖЕРІНЕ АДАЛДЫҒЫМЕН, МАҢДАЙ ТЕРІМЕН АТЫН ҚАЛДЫРҒАН ЕҢБЕК АДАМДАРЫ АЗ ЕМЕС. СОЛАРДЫҢ ҚАТАРЫНДА ҚАЗАҚТЫҢ ЕҢБЕК МАЙТАЛМАНЫ, ҚОҒАМ ЖӘНЕ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ САЛАСЫНЫҢ КӨРНЕКТІ ҰЙЫМДАСТЫРУШЫСЫ НҰРМОЛДА АЛДАБЕРГЕНОВТІҢ ОРНЫ ЕРЕКШЕ. БИЫЛ ТУҒАНЫНА 120 ЖЫЛ ТОЛЫП ОТЫРҒАН ӨНЕГЕСІ ӨШПЕЙТІН ТҰЛҒАНЫҢ МЕМОРИАЛДЫ МУЗЕЙІНЕ ЗЕЙНЕТКЕР ОҚЫТУШЫ-ҰСТАЗ, БІРНЕШЕ КІТАПТЫҢ АВТОРЫ БАҒИЛА АЗАНБАЕВА ЕКЕУМІЗ БАС СҰҚҚАН ЕДІК.



Ауыл әкімі Садырбаев Жалғас Бақытұлы

Нұрмолда Алдабергеновтың мемориалды музейінің экскурсия жетекшісі Ахатаева Жанар Өсімқұлқызы бізді жылы шыраймен қарсы алды. Ол экскурсия барысындағы әңгімесін "Еңбек Ері" атағының екі мәрте иегері батыр атамыздың 1959-1961 жылдары отбасымен осы шаңырақта тұрғандығынан бастады.

Кейін әртүрлі жағдайларға байланысты Н. Алдабергенов бұл үйді облыстық оқу бөліміне тапсырыпты.

1986 жылы тамыз айында музей ресми түрде ашылып, Нұрмолда Алдабергеновтың есімі берілген. Ашылуына үлес қосқан Алматы облысының құрметті азаматтары екендігін айта келіп, осы колхозды 1978-2006 жылдары басқарған Жанатов Көшкінбай Жанатұлын және Н. Алдабергеновтың еңбектегі шәкірті, музейдің алғашқы директоры – Тергеуова Шайбала Әмірисақызын ерекше атады. Ресми түрде қабылдатып, көмек көрсеткен Д.А. Қонаевтың еңбегі екендігі даусыз.



Экскурсовод Ахатаева Жанар Өсімқұлқызы және музей меңгерушісі Шаймухамбетова Гүлшат Ерболғанқызы

Музей 12 бөлмеден тұрады. Соның бәрін аралатып, қызықты әрі әр экспонатқа жан бітіргендей етіп таныстырып шыққан Жанар Өсімқұлқызының дауыс ырғағы, сөйлеу мәдениеті және тыңдаған адамды баурап алу қабілеті жоғары деңгейде екен. Қай экспонаттың қайдан алынғандығынан да, қаншасы музейде, қаншасы архивте екендігінен де, қаншасы көшпелі музей санатында екендігінен де хабардар етті бізді. Қойылған әрбір сұраққа терең де мұқият жауап берді. Экскурсия жетекшісінің біліміне тәнті болдық.

Жоғарыда айтып өттім ғой, «Нұрмолда ауылына оқытушы-ұстаз, бүгінде зейнеткер Бағила Азанбаевамен бардым» деп. Бір қызығы, ол кісі осы ауылда ұстаздық еткен жылдары бүгінде мұражайға айналған үйде отбасымен тұрғандығын, өзіне қай бөлмелер тиесілі болғандығын әңгімелеп, ауылдағы еңбек адамдарының біразын танып, олардың еңбектегі жетістіктерімен, естеліктерімен бөлісті. Өте мазмұнды саяхат болды және ойдан ой туындап, алдағы күндерге «оқушылармен кездесу ұйымдастырсақ» деген пікір айтты Жанар. Осындай өз ісіне жетік мамандар көп болса екен деп тілейік. Риза көңілімізді «Ықылас кітапшасына» қалдыруды да ұмытпадық.

Н.Алдабергеновтың мемориалды музейінің меңгерушісі Шаймұхамбетова Гулшат Ерболғанқызымен бірлесе отырып, мемориалды музейдің экскурсия жетекшісі Ахатаева Жанар Өсімқұлқызы атамыздың 120 жылдық мерейтойына орай және музейдің 40 жылдығына арналған «Өнегелі өмір – өшпейтін мұра» атты мәдени-тағылымдық шара осы музейдің алаңында ұйымдастырылатындығын айтып, қонақ ретінде қатысуымызды сұрады. Шақыруды қабыл алдық.

Музейден шыққан соң қос жұлдызды Н.Алдабергенов ескерткішінің жанындағы осы ауылдан шыққан жиырма батыр – он тоғызы «Социалистік Еңбек Ері» және «Кеңес одағының Батыры» – Матай Байысовтың мүсіндеріне тағзым етіп, ауыл әкімі Жалғас Бақытұлы Садырбаевтың қабылдауына кіріп шықтық. Бізді жылы қарсы алған ауыл әкімі екі мәрте «Еңбек Ері» Н.Алдабергеновтың 120 жылдығы облыс көлемінде қазан айында тойланатындығын және оған дейін қандай іс-шаралар өтетіндігінен хабардар етті.

ӨНЕГЕЛІ ӨМІР – ӨШПЕЙТІН МҰРА

16 қыркүйек күні Нұрмолда Алдабергеновтың мемориалды музейінде батыр атамыздың туғанына 120 жыл және музейдің құрылғанына 40 жыл толуына орай «Өнегелі өмір – өшпейтін мұра» атты мәдени іс-шара өтті.

Келген жұртшылық назарына республикалық «Кітап оқитын ұлт» марафоны аясында музей қорынан жасалған «Дала академиясы» кітап көрмесі мен «Дәстүр тағылымы» деген танымдық бұрышты тамашалау ұсынылды.

Шараның басты мақсаты – халқына еңбегі сіңген тарихи тұлғаның есімін ұлықтау, оның өмір жолы мен еңбек тәжірибесін кейінгі ұрпаққа таныстыру.

Мерекелік жиынға Алдабергенов ауылының тұрғындары, ауыл мекемелерінің басшылары мен қызметкерлері, білім беру саласының мамандары, ұстаздар мен оқушылар, мәдениет қызметкерлері және еңбек ұжымдарының өкілдері қатысты.

Тағылымы мол жиынға Нұрмолда Алдабергеновтың қызы Рабиға Алдабергенова, музейдің алғашқы директоры, Нұрмолда Алдабергеновтың еңбектегі шәкірті – Шайбала Тергеуова да келді. Іс-шара барысында қонақтарға құттықтау сөздер беріліп, Нұрмолда Алдабергеновтың өмірі мен еңбек жолына қатысты тарихи деректер мен естеліктер баяндалды.



Музей сыртындағы тақта



Сол жақта бірінші тұрған - Алдабергенова Рабиға Нұрмолдақызы музей қызметкерлері және ауыл зейнеткерлерімен



Азанбаева Бағила Бейсембекқызы және Мусанова Құралай экскурсовод Ахатаева Жанармен

Елге еңбек сіңірген ерлердің есімін ұлықтау – өткенге тағзым ғана емес, болашаққа жасалған тағылымды қадам. Сондықтан Нұрмолда Алдабергеновтың өнегелі жолын дәріптеу, оның еңбек мұрасын кейінгі ұрпаққа жеткізу бағытындағы жұмыстардың маңызы зор.

Нұрмолда Алдабергеновтың мемориалды музейінің 40 жылдық тарихы мен тұлғаның 120 жылдығына арналған бұл тағылымды шара – өткенге құрмет көрсетіп, келешекке өнеге қалдырудың жарқын үлгісі болды», – дейді Н.Алдабергеновтың мемориалды музейінің меңгерушісі Г.Шаймуханбетова.

Рас. Өнегелі өмір – өшпейді. Еңбекпен елге қызмет еткен Нұрмолда Алдабергеновтың есімі де, ел игілігі жолындағы еңбегі де халық жадында мәңгі сақталады.

Құралай МУСАНОВА
«Алатау»

Бейсенбі - Четверг, 1 қазан

ХАБАР

05.00,02.00 ҚР Әнұраны
05.00 «Әлішер Каримов» сахнада 20 жыл
07.00 «Оян!»
09.00, 19.00 «Ақ жеңге»
10.00,21.00 «Алданған тағдыр»
12.00 «Ойнайық»
13.00 «Өзекті»
13.30 Телехикая «Рауза»
15.00,20.00 «Келінжан»
16.55 «Бойдақ күйеу»
18.00 Новости
18.30 Жаңалықтар
23.00 «Музарт-25 жыл»
23.30 «Әзіл бәйге»
00.10 Сериал «Ловушка»
01.10 Сериал «Двигатель внутреннего сгорания»

ЕВРАЗИЯ

06.00 «Цепляясь за лед»
06.50 Сериал «Позднее раскаяние»
08.00 «Қайырлы таң. Қазақстан!»
09.30 «Доброе утро, Казахстан!»
11.05 «Модный Приговор»
12.05 «Жить здорово»
13.10 «Давай поженимся»
14.10 «Жаңалықтар»
14.25 «Новости»
14.30 «Қослайк»
18.30, 03.20 «Басты жаңалықтар»
19.00,03.45 «Көреміз шоу»
20.00, 01.30«ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»
20.35 Сериал «Васька»
23.05 «Ищу девушку с голубыми глазами»
02.20 Сериал «Знахарь»

КТК

07.00 ҚР Әнұраны
07.05 Кешкі жаңалықтар (қайталау)
07.35 «Әнім сен едің»
08.10 «Закира», отандық телехикаясы
09.10 Вечерние новости
10.00 Сериал «Пламя жизни»
12.20 Сериал «Агенты справедливости»
14.50 «Битва экстрасенсов реванш»
16.30 Сериал «Певица»
18.30 Сериал «Пламя жизни»
20.30 Кешкі жаңалықтар
21.00 Вечерние новости
21.40 «Битва экстрасенсов реванш»
23.20 Сериал «Агенты справедливости»
01.30 Сериал «Певица»
03.20 Сериал «Раушан мен Саша»
04.20 «Закира»
05.00 «Әнім сен едің»
05.30 «ктк қоржыны»
06.05 Кешкі жаңалықтар (қайталау)

ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
07.20 «Еркін қозғалыс»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/
09.30 Жаңалықтар
10.00 Новости
10.30 «Біздің бренд»
11.00 «Еркін қозғалыс»
11.05 «Әсем әуен»
12.05 «Шашу» /тікелей эфир/
13.00 «19 аймақ»
13.40 «Әсем әуен»
14.30 «Тиын мен түйін»
15.00 Жаңалықтар /тікелей эфир
15.20 «Жетісу әуендері»
16.00 Новости/прямой эфир
16.20 К/ф «Туысқанның үйіне бармаймын»
17.00 «Әу» де» /тікелей эфир
18.00 «19 регион» /тікелей эфир
18.40 «Әсем әуен»
19.35 Д/ф «Су»
20.00 «Осы пас па?»
20.10 «Әсем әуен»
20.30 Қорытынды жаңалықтар
21.00 «Таза мекен»
21.30 Итоговые новости
22.00 К/ф «Үздіктер кітабы»
22.40 «Әсем әуен»
23.10 «Біздің толқын»

31 КАНАЛ

05.58 ҚР Әнұраны
06.00, 04.20 «Әзіл студио» ойын-сауық
06.30,05.20 «Ризамын» ойын-сауық
07.00,20.00 Информбюро (рус, қаз)
08.00,05.20 «Күліп ал»
08.20 «Десант көкпен сырласу»
09.00 Мультсериал «Губка Боб»
09.50 Мультсериал «Пингвины Мадагаскара»
10.40 Мультсериал «Черепашка ниндзя»
11.30«Город золотого паука»
13.40худ. фильм «Неоспоримый-3»
15.50худ. фильм «Самаритянин»
18.10 худ. фильм «13-й район»
21.00 худ. фильм «Дом у дороги»
23.30 «Сен болмасаң»
00.00 худ. фильм «Айлакер»
02.30 «31 әзіл» ойын-сауық
03.20 «Time Vine» ойын-сауық
03.40 «Тик ток» ойын-сауық
04.00 «What's up?» ойын-сауық
04.40 «1001 Әзіл» ойын-сауық
04.50 Телевикторина «Bala battle»

7 КАНАЛ

05.30 «Ата-ана, бала -шаға»
06.40,20.00 Телехикая «Запретная любовь»
09.00,09.40, 16.00,18.30,02.20Телесериал
09.30,12.20 Новости
10.30 Телехикая «Мың рет сүйдім»
12.30 Союзмультфильм
13.50,00.20 «Брат или брак»
18.00 Жаңалықтар. тікелей эфир
19.30 Новости. прямой эфир
22.00 сериал «Далекий город»
23.00 «Иффет»
03.00 Әйгерім Сайфолланың сырласуы
03.50 Қызықты юкенд
04.20 Тазалық уақыты
04.50Телехикая «Әсекшілер»

Жұма - Пятница, 2 қазан

ХАБАР

05.00, 02.00 ҚР Әнұраны
05.00 Концерт Еркін Нұржанов
07.00 «Оян!»
09.00, 19.00 Т/х «Ақ жеңге»
10.00, 21.00 Т\х «Алданған тағдыр»
12.00 «ОйнаIQ»
13.00 «Народный контроль»
13.30 Т/х «Рауза»
15.00, 20.00 «Келінжан»
16.15 Кино «Әкім әйел»
18.00 Новости
18.30 Жаңалықтар
23.00 Кешрек
00.10 сериал «Ловушка»
01.00 Телесериал

ЕВРАЗИЯ

06.00 Сериал «Цепляясь за лед»
07.00 Сериал «Позднее раскаяние»»
08.00 «Қайырлы таң, Қазақстан»
09.30 «Доброе утро, Казахстан»
11.05«Модный приговор»
12.05 «Жить здорово»
13.10 «Давай поженимся!»
14.10 Жаңалықтар
14.25 Новости
14.30 «QOSLIKE»
18.30, 03.10 Басты жаңалықтар
19.00, 03.45 «Koremiz show»
20.00 Главные новости
20.30 «Құрылтай online»
21.00 «Поле чудес»
22.30 Сериал «Дела житейские-5»
03.10Басты жаңалықтар

КТК

07.00 ҚР Әнұраны
07.05 Кешкі жаңалықтар
07.35 «Әнім сен едің»
08.10, 04.40 «Закира» отандық т/х
09.10 Вечерние новости
10.00, 18.30 Сериал «Пламя жизни»
12.20, 23.20 Сериал «Агенты справедливости»
14.50, 21.40 «Битва экстрасенсов. Реванш»
16.30, 01.50 Сериал «Певица»
18.30 Сериал «Пламя жизни»
20.30 Кешкі жаңалықтар
21.00 Вечерние новости
21.40 Сериал «Девушка из прошлого»
03.40 «Раушан мен Саша» отандық т/х
05.20 «Әнім сен едің»
05.50 КТК қоржыны
06.25 Кешкі жаңалықтар

ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
07.20 «Еркін қозғалыс»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/
09.30 Жаңалықтар
10.00 Новости
10.30 «Таза мекен»
10.55 10-блок
11.00 «Еркін қозғалыс»
11.10 «Осы пас па?»
11.20 «Әсем әуен»
12.00 «Әу» де»
13.00 «19 регион»
13.40 «Әсем әуен»
14.30 «Тиын мен түйін»
15.00 Жаңалықтар /тікелей эфир
15.20 «Әсем әуен»
16.00 Новости/прямой эфир
16.20 К/ф «Үздіктер кітабы»
17.00 «Тарлан»
17.20 «Әсем әуен»
18.00 «Дін мен дәстүр»
18.35 «Әсем әуен»
19.40 Д/ф «Цена агрессии»
20.00 «Сергек»
20.10 «Әсем әуен»
20.30 Қорытынды жаңалықтар
21.00 «Сергек»
21.10 «Әсем әуен»
21.30 Итоговые новости
22.00 «Шашу»
22.45 «Тілашар»
23.30 «Әсем әуен»

31 КАНАЛ

05.58 ҚР Әнұраны
06.00, 04.20 «Әзіл студио»
06.30, 05.20 «Ризамын»
07.00, 20.00 Информбюро
08.00, 01.40 «Күліп ал»
08.20 Т/х«Дсант. Көкпен сырласу»
09.00 М\с «Губка Боб в 3D»
10.30 М\с «Пингвины Мадагаскара»
10.10 М\с «Черепашки-ниндзя»
11.00 Х/ф «Агент Коди Бэнкс-2: Пункт назначения – Лондон»
13.10 х/ф «Дом у дороги»
15.50 х/ф «13-й район»»
17.50 х/ф «13-й район: Ультиматум»
21.00 х/ф «Выживший»
00.20 х/ф «Другой мир: Войны крови
02.00 «31 әзіл»»
03.20, 05.00 «Time Vine»
03.40 «TikTok show»
04.00 «What's up?»
04.40 «1001 әзіл»
04.50 «Bala BATTLE»

7 КАНАЛ

05.30 Т/х «Ата-ана. Бала-шаға»
06.40, 20.00 Т\х «Запретная любовь»
09.00, 09.40, 16.00, 18.30, 02.0 Т/с
10.30, 00.20 Т/х «Мың рет сүйдім»
12.30 Союзмультфильм
13.30 х/ф «Брат или брак-2»
18.00 Жаңалықтар. Тікелей эфир
19.30 Новости. Прямой эфир
20.00 Сериал «Запретная любовь»
22.10 Сериал «Далекий город»
23.10 Т/х «Иффет»
03.10 Әйгерім Сефолланың сырласуы
03.50 Қызықты weekend
04.20 Тазалық уақыты
04.50 Телесериал

Сенбі - Суббота, 3 қазан

ХАБАР

05.00, 02.00 ҚР Әнұраны
05.00 «Cower show»
06.00 Концерт Роза Әлқожа
08.30 «Балам үшін»
09.00 «Азамат»
10.00, 21.00 Т/х «Алданған тағдыр»
11.00 Мультфильм «Кот под прирытием»
12.30 Мультфильм
13.00 х/ф «Дочь землекопа»
15.00, 19.00 Тұсаукесер! «Жекпе-жек айтыс»
16.30 Т/х «Жұлдызды жекпе-жек»
22.00 «7 күн»
22.40 Жұмыр жер
23.00 х/ф «Моя вторая половинка»
01.00 Телесерил

ЕВРАЗИЯ

06.00 «Qaimaq»
07.40 Главные новости
08.20 «Құрылтай онлайн»
08.45 Т/х «Сезім толқыны»
11.20 «Поле чудес»
12.20 Х\ф «Что такое счастье?»
13.00 сериал «Дела житейские-5»
17.30 «Точь-в-точь»
20.00 Basty prime
20.50 Сериал «Перевод с турецкого»
01.45 Ночной к/т «Тебе. Настоящему»
03.15 «Qaimaq»

КТК

07.00 ҚР Әнұраны
07.05, 05.40 «Әнім сен едің»
07.45, 01.00 «Было дело» д/д
09.10 Вечерние новости
10.00,02.40 «Махаббат әлемі» ән шашу
12.00 Сериал «Однажды в Чукурова»
14.00 «Девушка из прошлого» т/х
18.00 «Битва экстрасенсов. Реванш»
21.00 Сериал «Честная игра»
04.50 «КТК қоржыны

ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
07.20 «Еркін қозғалыс»
07.30 «Таңжарық»
09.30 Жаңалықтар
10.00 Новости
10.30 «Сергек»
10.40 «Әсем әуен»
11.00 «Еркін қозғалыс»
11.10 «Сергек»
11.20 «Әсем әуен»
12.00 «Тілашар»
13.00 «Дін мен дәстүр»
13.30 «Әсем әуен»
14.30 «Агро аймақ»
15.00 «Аман болайық»
15.35 «Әсем әуен»
16.40 Д/ф «Игры со смертью»
17.00 «Әсем әуен»
18.00 «Домбыра»
18.40 «Әсем әуен»
19.00 «Білім мен білік»
19.45 «Әсем әуен»
20.00 «Әке»
20.30 «Апта» (қаз)
21.30 «Апта» (рус)
22.30 Д/ф «Менің елім»
23.00 «Әсем әуен»

31 КАНАЛ

05.58 ҚР Әнұраны
06.00, 04.40 «Әзіл студио»
07.00, 10.40 «Күліп All»
07.30 «Тәтті шоу»
08.30 М\с «Губка Боб»
09.30 М\с «Черепашки-ниндзя»
10.00 «Готовим» с Адель
10.40 Д/ф «Жаңа Конституция»
11.25 Т/х «Десант. Көкпен сырласу»
12.50 х/ф «Брат или Брак»
15.00 х/ф «Волки и овцы»
16.50 Х/ф «Тайна Коко»
19.00 Кино «Кролик Питер»
21.00 Х/ф «Люди икс. Первый класс»
00.00 Х\ф «Другой мир: Войны крови»
02.00 «31 әзіл»
04.00 «Time Vine»
04.20 «TikTok show»
05.00 «1001 Әзіл»
05.10 «Bala Battle»
05.30 «Whats up?»

7 КАНАЛ

05.20 ҚР Әнұраны
05.30 Т\х «Ата-ана. Бала-шаға»
07.00 Т/х «Запретная любовь»
09.00, 18.00, 02.40 Т/с
13.20, 01.40 Әзілің жарасса
15.30 Т/х «Моя большая казахская семья»
20.00 Сериал «Запретная любовь»
22.10 Сериал «Далекий город»
23.10 Т/х «Вода и огонь»
03.40 Әйгерім Сейфолланың сырласуы
04.40 Тазалық уақыты

Жексенбі - Воскресенье, 4 қазан

ХАБАР

05.00, 02.00 ҚР Әнұраны
05.00 «Cower show»
06.00 Концерт Асхат Әмірғали
07.30 Мейрамбек Бесбаев «Құс қанат ұмыр»
09.30 Арнайы репортаж
10.00, 21.00 Т/х «Алданған тағдыр»
11.00 «Өмір өрнегі»
12.00 М/с «Белка и Стрелка. Озарная семейка»
13.00 Мультфильм
14.30 х/ф «Моя вторая половинка»
16.30 т/х «Ақ жеңге»
19.00 Концерт «Мұзарт – 25 жыл»
19.30 Қайрат Нұртастың концерті
22.00 «7 күн»
22.40 Глобальные события
23.00 х/ф «Дочь землекопа»
01.00 Телесериал

ЕВРАЗИЯ

06.00, 03.05 «Qaimaq»
07.25 Basty prime
08.30 Т/х «Сезім толқыны»
11.00 «Пусть говорят»
12.45 Сериал «Перевод с турецкого»
17.25 Х/ф « Успех»
20.00 «Аналитика»
20.50 Сериал «Запасная жена»
01.40 Команды

КТК

07.00 ҚР Әнұраны
07.05, 02.00 «Сен ғана» Қажымұрат Шешенқұл
08.05 «Было дело»
10.05 «Реформа»
10.35, 04.30 «Шымкент шоу»
12.30 сериал «Однажды в Чукурова»
14.00 сериал «Честная игра»
18.00 «Битва экстрасенсов. Реванш»
21.00 Портрет недели
22.00 х/ф «Любовь на миллион»
00.00 «Было дело» д/д
05.40 «Әнім сен едің»

ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
07.20 «Еркін қозғалыс»
07.30 «Әсем әуен»
09.00 «Апта» (қаз)
10.00 «Апта» (рус)
11.00 «Еркін қозғалыс»
11.05 «Әсем әуен»
12.00 «Біздің толқын»
13.00 «Білім мен білік»
13.40 «Әке»
14.00 «Әсем әуен»
14.30 «Біздің бренд»
15.00 «Шашу»
16.15 «Әсем әуен»
16.40 Д/ф «Дара»
17.00 «Әсем әуен»
18.00 «Единый народ»
18.30 «Жетісу әуендері»
19.30 «Арнайы репортаж»
20.00 «Тарлан»
20.30 «Кітап»
21.00 «Угәгәй melody»
22.00 «Әсем әуен»
22.30 Д/ф «Стражи звёзд»
23.00 «Әсем әуен»

31 КАНАЛ

05.58 ҚР Әнұраны
06.00, 05.10 «Әзіл студио»
07.00, 02.50 «31 әзіл»
08.00 «Тәтті шоу»
08.30 М\с «Губка Боб»
08.50 М\с «Черепашки-ниндзя»
09.20 «Готовим» с Адель»
10.00 «TeleBingo»
10.30, 12.30 «Күліп All»
10.40 Д/ф «Жаңа Конституция»
11.25 Т/х «Десант. Көкпен сырласу»,
12.00 03.50 «TikTok show»
13.10 Кино «Волки и овцы»
15.10 Х/ф «Тайна Коко»
17.20 Х/ф «Малефицента: Владычица тьмы»
20. 00 Тұсаукесер «Ал, бәрекелді» - шоу
22.20 Х/ф «Крид: Наследие Рокки»
01.20 «Bizdin show»
04.10 «Time Vine»
04.30 «1001 әзіл»
04.40 «BALA BATTLE»
05.30 «Ризамын»

7 КАНАЛ

05.20 ҚР Әнұраны
05.30 Т/х «Ата-ана. Бала-шаға»
07.00 Т/х «Запретная Любовь»
09.00,18.00,02.10 Т/с
13.20 т/х «Моя большая казахская семья»
15.40 Х/ф «Моя Большая казахская семья: Операция ажухи»
22.10 сериал «Далекий город»
01.40 «Әзілің жарасса»
03.10 Әйгерім Сефолланың сырласуы
04.00 Тазалық уақыты
04.47 Т/х «Өсекшілер»

alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru
№ 37 (1300) 25.09.2026 Алатау

ЛУННЫЙ ПОСЕВНОЙ КАЛЕНДАРЬ НА ОКТЯБРЬ–НОЯБРЬ 2026 ГОДА

Осень— это не время прощания с участком, а самый ответственный период закладки будущего урожая. Пока земля еще хранит тепло, необходимо успеть посадить озимые культуры, подготовить почву к зиме и заложить овощи на хранение. Чтобы труды окупились сторицей в следующем сезоне, опытные садоводы сверяют свои планы с фазами Луны. Осеннюю закладку можно начинать с сентября, но поскольку время уже ближе к октябрю, начнем советы огородникам с этого месяца.





Октябрь 2026: Золотая пора и утепление

Основные овощные грядки уже пустуют. В октябре главная задача — защитить сад от зимних холодов и провести последние посадки там, где позволяет климат.

Благоприятные дни для работ:

- **Озимый чеснок и лук:** 3, 4, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 18, 27, 30, 31.
- **Подзимний посев моркови и петрушки:** 3, 4, 12, 13, 17, 18, 27, 30, 31.
- **Ягодные кустарники (смородина, крыжовник):** 3, 4, 12, 13, 17, 18, 22, 23, 27, 30, 31.
- **Посадка луковичных цветов (тюльпаны, нарциссы):** 12, 13, 17, 18, 22, 23, 27.

Неблагоприятные дни: 9, 10, 11, 26 октября.

Совет месяца: Период убывающей Луны в начале месяца посвятите побелке стволов плодовых деревьев. Это защитит их от февральских солнечных ожогов и нашествия грызунов. Растущую Луну (с 11 числа) используйте для влагозарядкового полива сада, если осень выдалась сухой.

Ноябрь 2026: Финальные штрихи перед зимой

Ноябрь непредсказуем, но именно сейчас проводится предзимний посев самых стойких культур. Семена пройдут естественную стратификацию (закалку холодом) и взойдут на две недели раньше весенних.

Благоприятные дни для подземных посевов:

- **Морковь, свекла, редис:** 3, 4, 17, 18, 27, 28, 30.
- **Лук-чернушка, петрушка, кинза:** 11, 12, 13, 14, 15, 23, 27, 28.
- **Озимый чеснок:** 11, 12, 13, 14, 15, 23.

Неблагоприятные дни: 8, 9, 10, 24 ноября.

Совет месяца: Предзимние семена нельзя замачивать. Их высевают только сухими в слегка подмерзшую землю («по черепку»), чтобы они не проросли во время случайных ноябрьских оттепелей. Посевы обязательно мульчируют сухим торфом или компостом слоем 3–4 см.

Приоритет погоды: Лунный календарь — отличный помощник, но он не должен идти вразрез со здравым смыслом. Если наступило «золотое» окно для посадки чеснока, но льют проливные дожди или ударил ранний гололед, работу следует отложить. Мокрая земля при перекопке уплотняется, лишая корни кислорода, а саженцы могут погибнуть от переохлаждения.

СОВЕТЫ САДОВОДА

КОГДА ЛУЧШЕ ПОСАДКА САЖЕНЦОВ?

Правильный выбор сезона для посадки саженцев определяет их приживаемость, рост и будущую урожайность. Идеальное время зависит от климата, вида растения и состояния почвы. В умеренных широтах предпочтение отдают осени (сентябрь–октябрь) и весне (апрель–май). Осень подходит для холодостойких культур: корни успевают адаптироваться до морозов, а весеннее тепло стимулирует быстрый старт. Весна оптимальна для теплолюбивых видов, так как риск замерзания минимален. В южных регионах с мягкой зимой допустима осенняя посадка , а в северных — только весенняя. Учитывайте погоду: саженцы высаживают в период покоя, когда нет заморозков и экстремальной жары.



Какие саженцы сажают весной?

Весной высаживают виды, чувствительные к холоду:

♦ Плодовые деревья: персик, абрикос, черешня, нектарин. Их корни плохо переносят низкие температуры, поэтому весенняя посадка защищает от вымерзания.

♦ Ягодные кустарники: малина, ежевика, голубика. Они требуют хорошо прогретой почвы для активного роста.

♦ Декоративные культуры: розы, гортензии, клематисы.

Почва должна прогреться до +10°C, а угроза заморозков — миновать. Необходимо помнить, что весенние саженцы нуждаются в регулярном поливе, чтобы компенсировать недостаток влаги после зимы.

Какие саженцы сажают осенью?

Осень — лучшее время для холодостойких растений:

♦ Плодовые деревья: яблони, груши, сливы, вишни. Они успевают укорениться до морозов, а весной раньше начинают вегетацию.

♦ Ягодные кустарники: смородина, крыжовник, жимолость. Посаженные осенью, они дают урожай уже на следующий год.

♦ Хвойные: ель, сосна, туя.

Оптимальный период — за 3–4 недели до первых заморозков. Важно мульчировать приствольный круг торфом или опилками для защиты корней от перепадов температуры.

Правила посадки саженцев

1. **Выбор места**: Учитывайте потребности растения в свете, влаге и защите от ветра. Например, груши и яблони предпочитают солнечные участки, а смородина — полутень.

2. **Подготовка почвы**: Выкопайте яму в 2 раза шире корневой системы. На дно добавьте смесь плодородного грунта, перегноя и минеральных удобрений.



3. **Глубина посадки**: Корневая шейка должна находиться на уровне земли. Для кустарников допустимо заглубление до 5 см.

4. **Полив**: После посадки обильно полейте (20–30 л воды на дерево, 10–15 л на куст).

5. **Обрезка**: Укоротите ветви на 1/3, чтобы сбалансировать надземную и подземную части.

Избегайте посадки в заболоченных местах или там, где грунтовые воды подходят близко к поверхности — это провоцирует гниение корней.

Время посадки плодовых деревьев

Для плодовых культур сроки зависят от региона:

- В южных областях предпочтительна осень (октябрь–ноябрь), так как мягкая зима не повреждает саженцы.

- В средней полосе и на севере лучше сажать весной (апрель–май), особенно косточковые (вишня, слива).

- Яблони и груши в умеренном климате можно высаживать как осенью, так и весной, но осенняя посадка часто дает более крепкие деревья.

Учитывайте сорт: раннеспелые виды быстрее адаптируются весной, поздние — осенью. Перед посадкой проверьте состояние корней: они должны быть упругими, без гнили.

Выбор времени для посадки саженцев — это баланс между климатом, типом растения и состоянием почвы. Холодостойкие деревья и кустарники лучше приживаются осенью, теплолюбивые — весной.

(Dzen)

СУДЕБНО-МЕДИЦИНСКАЯ ДИАГНОСТИКА ЖИВОРОЖДЁННОСТИ И МЕРТВОРОЖДЁННОСТИ

Установление факта живорождённости или мертворождённости является одной из наиболее сложных задач судебно-медицинского исследования трупа новорождённого. Данный вопрос имеет существенное экспертное и правовое значение. Диагностика должна основываться на комплексной оценке морфологических признаков, результатов гистологического исследования и специальных проб, позволяющих установить факт начала самостоятельного дыхания.

Живорождённость устанавливается при наличии после полного рождения ребёнка хотя бы одного объективного признака жизнедеятельности: самостоятельного дыхания, сердцебиения, пульсации пуповины или произвольных движений мускулатуры. В судебно-медицинской практике принципиально важно разграничивать понятия «живорождённость» и «жизнеспособность»: факт живорождения может быть установлен независимо от последующей продолжительности жизни ребёнка. При исследовании трупа новорождённого оцениваются степень зрелости и доношенности, состояние кожных покровов, пуповины и плаценты, наличие родовой опухоли и конфигурации головы, а также признаки внеутробной адаптации. Особое внимание уделяется исследованию лёгких, желудочно-кишечного тракта и сердечно-сосудистой системы. Наиболее информативным признаком начала дыхания является расправление лёгочной ткани. У ребёнка, сделавшего дыхательные движения, лёгкие увеличиваются в объёме, становятся более воздушными, их края прикрывают сердце, изменяется консистенция и цвет ткани. При гистологическом исследовании выявляются раскрытые альвеолы, уменьшение толщины межальвеолярных перегородок и наличие воздуха в альвеолярных пространствах. У плода, не дышавшего после рождения, лёгкие обычно имеют плотную, мясистую консистенцию, альвеолы спавшиеся, их просветы не содержат воздуха. Для определения наличия воздуха в лёгких традиционно применяется легочная плавательная проба (проба Галена). Исследование основано на способности лёгочной ткани, содержащей воздух, удерживаться на поверхности воды. При наличии воздуха в желудке и кишечнике может проводиться желудочно-кишечная плавательная проба (проба Бреслау). Она имеет вспомогательное значение, поскольку заглатывание воздуха зависит от продолжительности и характера дыхательной активности после рождения. Гистологическое исследование лёгких является важнейшим компонентом комплексной экспертизы. При решении вопроса о мертворождённости необходимо исключать случаи интранатальной смерти, когда ребёнок родился без признаков жизни вследствие патологических процессов, возникших непосредственно во время родов. Отдельного внимания требуют случаи, когда новорождённый после рождения совершал дыхательные движения, но быстро погиб. В таких ситуациях отсутствие выраженных признаков внеутробной жизни само по себе не позволяет сделать вывод о мертворождённости. Таким образом, установление живорождённости является комплексной экспертной задачей, при которой результаты наружного и внутреннего исследования, гистологические данные, специальные пробы и сведения из медицинской документации должны оцениваться в совокупности. Особое значение имеет критический подход к интерпретации плавательных проб и обязательный учёт возможности реанимационных мероприятий и посмертных изменений. Дифференциальная диагностика живорождённости и мертворождённости требует комплексного судебно-медицинского исследования. Наиболее обоснованным является заключение, основанное не на одном диагностическом признаке, а на совокупности морфологических и лабораторных данных с обязательным учётом обстоятельств родов и оказанной медицинской помощи.

Аян Мухатаева,
руководитель судебно-гистологического отделения Института судебных экспертиз по области Жетісу

ЖЕТІСУДА КАРТОПТАН ҚЫТЫРЛАҚ(ЧИПСЫ) ЖАСАУҒА АРНАЛҒАН СОРТЫ ӨСІРІЛДІ

Жетісу облысында картоп жинау науқаны аяқталуға жақын. Бүгінде алқаптардағы өнімнің 73%-ы жиналды. Сонымен қатар өңірдегі шаруа қожалықтарының бірінде алғаш рет чипс өндіруге арналған картоптың арнайы сорты өсірілді, - деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.





Кәксу ауданындағы «Кеңдала» шаруа қожалығы таңдаған картоп сорты шаруашылық үшін жаңа бағыт деуге болады - жиналған өнімді қоймада ұзақ сақтаудың қажеттілігі жоқ, өйткені өткізу нарығы орақ науқаны басталмай тұрып анықталған. Атап айтқанда, шаруашылықта өнеркәсіптік өңдеуге, яғни чипсы өндіруге жарамды картоп өсіріле бастады. Жиналған өнім арнайы көлікке тиеліп, күн сайын өңдеу үшін кәсіпорынға жөнелтіледі. Биыл шаруашылықта картоп өсіруге 33 гектар жер бөлінді. Қазіргі таңда гектарынан 23-25 тонна өнім алынып отыр.

- Өнеркәсіптік өңдеуге арналған картоп тағам ретінде тұтынылатын асханалық картоптан өзгеше. Оны өсіру мен суару технологиясы да басқаша. Атап айтқанда, картоп қытырлағын өндіру үшін құрамында құрғақ зат мөлшері жоғары картоп қажет. Соның арқасында өңдеуден кейін сапалы өнім алынады: картоп тілімдері пішінін сақтап, майды аз сіңіреді әрі құрылымы өзіне тән қытырлақ күйге ие болады.

Осыған байланысты біз «BP 808» орташа ерте пісетін сортын таңдадық. Оның түйнектері домалақ-сопақша пішінді, қабығы мен жұмсағы сары түсті, орташа салмағы 80-109 грамм. Құрғақ зат мөлшері – 21–25%, сақталу деңгейі 95%-ға дейін жетеді. Алайда бізге қазір өнімді ұзақ сақтаудың қажеті жоқ, себебі күн сайын 20–25 тонна өнім алып, бірден өңдеуге жөнелтеміз, – деді, «Кеңдала» шаруа қожалығы басшысының орынбасары Таймыр Маматаев.

Ол қазіргі өнімділік көрсеткіштеріне сүйене отырып, алғашқы тәжірибе оң нәтиже беріп отырғанын атап өтті. Осыған байланысты шаруашылық бұл бағыттағы жұмысты жалғастырып, картоп егістігінің көлемін келесі жылы 80 гектарға дейін жеткізуді көздеп отыр.

Шаруашылық алқаптарында картоп жинауға 20-ға жуық адам, қажетті арнайы техника жұмылдырылған. Жалпы, «Кеңдала» шаруа қожалығы 300 гектарға жуық жермен жұмыс істейді. Мұнда картоптан бөлек қант қызылшасы, жүгері, күнбағыс, жоңышқа және басқа да мал азығы дақылдары өсіріледі.

Жалпы, биыл Жетісу облысында жеке қосалқы шаруашылықтарды қоса алғанда, картоп өсіруге 6,5 мың гектар жер бөлінді. Бүгінде 4,6 мың гектар немесе алқаптардың 73%-ы жиналды. Жалпы өнім көлемі 125,5 мың тоннаға жетіп, орташа өнімділік гектарына 222,6 центнерді құрады.

Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі
Фотограф: Жұмабай Мұсабеков

АСТАНА. KAZINFORM — WhatsApp жасөспірімдердің қауіпсіздігін қадағалауға арналған ата-ана мүмкіндіктерін кеңейтпек. Жаңа баптаулар ата-аналарға баласының жеке деректерін қорғауға қатысты кейбір параметрлерін басқаруға және оның белгілі бір әрекеттері туралы хабарлама алып отыруға мүмкіндік береді, деп хабарлайды BBC.

WHATSAPP-ТА АТА-АНА БАҚЫЛАУЫН КҮШЕЙТЕТІН ФУНКЦИЯЛАР ПАЙДА БОЛАДЫ





Жасөспірім қандай да бір топқа қосылса немесе одан шықса, бұл туралы ата-анасына хабарлама келеді. Сонымен қатар олар баласының WhatsApp-тағы жеке парақшасына қатысты бірқатар баптауды өздері реттей алады.

Бұл ретте жасөспірімнің жеке хат-хабарына ата-анасы қол жеткізе алмайды. Олар баласының кімге жазғанын, қандай хабарлама жіберіп не алғанын және кіммен сөйлескенін көрмейді. Бұл ақпарат құпия түрде қорғалып, арнайы қауіпсіздік жүйесі арқылы сақталады.

Жаңа мүмкіндіктерді әр отбасы өз қалауына қарай пайдаланады. Ата-аналар баптауларды кез келген уақытта өзгертіп, қажет болса, бұл мүмкіндіктерді толық өшіре алады. Бұл баптауларды басқару үшін ата-ана арнайы PIN-код орнатады. Егер жасөспірім қойылған шектеулерді өз бетінше алып тастауға әрекет етсе, сол кодты енгізуі қажет болады.

Ата-ана жасөспірімнің профиль суретін кімдер көре алатынын және оны топқа кімдер қоса алатынын да шектей алады. Сондай-ақ балаға WhatsApp-тағы арналарды пайдалануға рұқсат беруді немесе шектеуді ата-ана өзі шешеді. Арналарда ұйымдар мен қоғам белсенділері түрлі ақпарат пен контент жариялайды.

Жаңартуда WhatsApp-қа кіріктірілген Meta AI көмекшісіне де өзгеріс енгізіледі. Ата-ана «13+» стандартты режимін таңдай алады немесе мазмұны қатаңырақ сүзгіден өтетін «Шектеулі контент» режимін іске қоса алады. WhatsApp өкілдері жаңа мүмкіндіктер ата-ана мен жасөспірім арасында мессенджерді пайдалану жөнінде ашық әңгіме қалыптастырып, жеке хат-хабардың сырт көзге жария болмауын қамтамасыз етуге бағытталғанын атап өтті.

Әлеуметтік желілер сарапшысы Мэтт Навarра аталған баптауларды ата-аналар өз еркімен қосатынына назар аударды. Оның пікірінше, мұндай жағдайда Meta қолданушылардың жасын анықтау жауапкершілігінен біршама босап, жасөспірімдердің қауіпсіздігіне қатысты міндеттің бір бөлігін отбасына жүктеуі мүмкін.

Навarра ата-аналардың бұл мүмкіндіктерді қаншалықты жиі пайдаланатыны әзірге белгісіз екенін де атап өтті. Бұл өзгеріс технологиялық компанияларға балалардың қауіпсіздігін күшейту талабы артып отырған тұста енгізіліп отыр. Үкіметтер мен реттеуші органдар цифрлық платформаларда балалар мен жасөспірімдердің қауіпсіздігін қамтамасыз етуді талап етіп келеді.

Бұған дейін WhatsApp 13 жасқа дейінгі балалар үшін шектеулі функционалды арнайы аккаунттарды іске қосатынын хабарлаған болатынбыз. Ата-аналар мен қамқоршылар баламен кімдердің байланыса алатынын және оның қандай топтарға қосыла алатынын бақылай алады.

ХАБАРЛАНДЫРУ

13.10.2026 ж. бастап 10 күн жұмыс ішінде ҚО мен ТРЖҰДБ ақпараттық жүйе ndbecology.gov.kz. сайтында Жетісу облысының Кербұлақ ауданында орналасқан Жоламан кен орнында жер қойнауын пайдалану салдарын жою жоспарына «Қоршаған ортаны қорғау» бөлімі бойынша қоғамдық талқылаулар арқылы қоғамдық тыңдаулар өткізіледі.

Белгіленген қызметтің бастамашысы: «Integra Construction KZ» ЖШС, БСН 050840000334, мекенжайы: Астана қаласы, Есіл ауданы, Дінмұхамед Қонаев көшесі, 12/1 ғимарат, ВП 16. Тел.87077510108, askar_jai@mail.ru.

Жоба материалдарымен ҚО мен ТРЖҰДБ ақпараттық жүйе ndbecology.gov.kz сайтында танысуға болады. Ұсыныстар мен ескертулер ndbecology.gov.kz сайтында қабылданады. Экологиялық жобаны әзірлеуші: «Р.А. Құрманғалиев» ЖК, тел. 87012775623, rufat.taldyk@mail.ru.

"Жетісу облысының табиғи ресурстар және реттеу басқармасы" ММ, priroda@zhetisu.gov.kz., Тел. 8(7282)329267, Талдықорған қ., Қабанбай батыр к-сі, 26.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

С 13.10.2026г. в течении 10 рабочих дней на сайте информационной системы НБД СОС и ПР ndbecology.gov.kz. проводятся общественные слушания посредством публичных обсуждений по разделу «Охрана окружающей среды» к плану ликвидации последствия недропользования на Жоламанском месторождении строительного камня, расположенный в Кербулакском районе области Жетісу.

Инициатор намечаемой деятельности: ТОО «Integra Construction KZ», БИН 050840000334, адрес: город Астана, район Есиль, улица Дінмұхамед Қонаев, здание 12/1, ВП 16, тел.87077510108, askar_jai@mail.ru.

Ознакомится с материалами проекта можно на сайте информационной системы НБД СОС и ПР ndbecology.gov.kz. Предложения и замечания принимаются на сайте ndbecology.gov.kz. Разработчик экологического проекта ИП «Курмангалиев Р.А.», тел.87012775623, rufat.taldyk@mail.ru.


ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования области Жетісу», priroda@zhetisu.gov.kz., Тел. 8(7282)329267, г.Талдыкорган, ул.Кабанбай батыра, 26.

alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru
№ 37 (1300) 25.09.2026 Алатау

ПРЕМЬЕР-МИНИСТР

ЖОЛДЫ БЕЛГІЛЕНБЕГЕН ЖЕРДЕН КЕСІП ӨТЕТІНДЕРГЕ ЖАЗАНЫ ҚАТАҢДАТУДЫ ҰСЫНДЫ

Үкімет отырысында премьер-министр Олжас Бектенов жолды белгіленбеген жерден кесіп өтетін жаяу жүргіншілерге қатысты жазаны қатаңдату қажеттігін мәлімдеді, деп хабарлайды KAZ.NUR.KZ.



"Жаяу жүргіншілерге қатысты оқиғаларға жеке тоқталғым келеді. Көп жағдайда жаяу жүргіншілердің өздері кінәлі болып жатады. Сондықтан жолды белгіленбеген жерден кесіп өтетін адамдарға қатысты жауапкершілікті қатаңдату қажет. Сондай-ақ реттелмейтін жаяу жүргіншілер өткелдерінде жүргізушілер кінәлі болатын деректер де аз емес.

Әкімдіктерге осындай учаскелерде бейнетіркеу жүйелерін орнату ауқымын кеңейтуді тапсырамын. Әсіресе білім беру ұйымдарының маңында кері санау таблосы бар заманауи бағдаршамдар орнатуды қамтамасыз ету қажет. Ішкі істер министрлігі көшелердің қауіпсіз дизайны элементтерін енгізу бойынша халықаралық тәжірибені зерделеуі тиіс", - деді Олжас Бектенов.

Премьер-министр көлік басқаруды жаңадан бастаған жүргізушілер санатына ерекше назар аудару қажеттігін де айтты. Көбіне олар жол жағдайын және өз мүмкіндіктерін дұрыс бағаламау, сондай-ақ жол ережелерін сақтамау салдарынан апатқа ұшырап жатады.

"Ішкі істер министрлігіне көлік жүргізушілерін даярлау сапасын арттыру мақсатында оқу ұйымдарының қызметін реттеу және үйлестіру жұмыстарын күшейтуді тапсырамын. Бұзушылықтар анықталған жағдайда міндетін адал атқармаған автомектептерді жалпы тізімнен шығару қажет", - деді Олжас Бектенов.

МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ – МЕНІҢ ТІЛІМ!

СОТ АКТІЛЕРІ ТАРАПТАРҒА ТҮСІНІКТІ БОЛУЫ ҮШІН...

Қазақстан Республикасының Конституциясында қазақ тілі мемлекеттік тіл мәртебесіне ие екендігі айқындалған. Ендеше, мемлекеттік тіл ұлттың жан дүниесін, рухани негізін, ел еркіндігі мен ұлтты танытатын басты белгі ретінде оны меңгеру — мекендеп тұрып жатқан сол елдің ұлтын сыйлау, сол мемлекет алдындағы жауаптылығының барын және сол мемлекетке деген сыйластығынды көрсету деп түсінген жөн.

Қазіргі уақытта сот жүйесінде мемлекеттік тілді қолдану аясы біршама өсіп келеді. Оған себеп — мемлекеттік тілде сот ісін жүргізу мәселесі күн тәртібінен бір сәтке де түскен жоқ. Сот төрелігін жүзеге асыруда мемлекеттік тілдің қолданылуы – ұлттық құқықтық жүйенің басты талаптарының бірі. Әсіресе азаматтық сот ісін жүргізу барысында мемлекеттік тілдің қолданысы азаматтардың құқықтарын толық көлемде қамтамасыз етуге және әділ сотқа қол жеткізуге ықпал етеді.

Азаматтық процесте тараптардың арыз-шағымдары, талап-өтініштері мен түсініктемелері мемлекеттік тілде ресімделуі – сот ісін жедел әрі тиімді қараудың маңызды алғышарты. Бұл ретте сот отырысының мемлекеттік тілде өтуі тараптардың теңдігін сақтауға, құқықтық мәдениетті арттыруға және ұлттық заңнаманы дамытуға жағдай жасайды. Сонымен қатар, сотта аударма қызметінің қажеттілігін азайтып, уақыт пен материалдық ресурстарды үнемдеуге мүмкіндік береді.

Бұл тұрғыда тағы бір маңызды мәселе соттың қабылдаған актісін тараптарға жете түсінікті болуын қамтамасыз ету болып табылады. Кейбір адамдар соттың шешімі қолына тисе де оның шынайы мазмұнын түсіне алмай жататыны да құпия емес. Сондықтан қазіргі таңда сот қызметкерлеріне, соның ішінде судьяларға сот актілерін қарапайым тілмен түсінікті де ұғынықты етіп баяндау туралы талап қойылып отыр. Демек, егер қос тарап дауына қатысты нақты және толық жауап алса, ал сот судья соны өз шешімінде түсінікті әрі қарапайым тілмен жеткізсе, азаматтар қабылданған шешімнің байыбына барып, тұжырымын тиянақты ұғынатын болса жоғарыға қарай шағымданулары да азаяры ғажап емес.

Осыған байланысты Жоғарғы Сот судьялардан мемлекеттік тілге қатысты талап жыл сайын емес, күн сайын қатая беретіні және екі нәрсені: біріншіден мемлекеттік тілде сауатты сөйлей білуді, екіншіден, жаза білуді, сонымен қатар, қарапайымдылық қағидасын сақтаудың маңыздылығын алға тартып судьялардың өз шешімдерін шұбалаңқы сөйлемдермен емес, көпшілікке түсінікті, ұғыныңқты етіп жеткізуі қажеттігін талап етуде. Демек, тілді жөнсіз неғұрлым күрделендіріп, үстемелеген сайын құны кететінін жадымызда сақтағанымыз жөн. Ал, қазақтың сөздік қорының мол, тілінің шұрайлы, көркем екені күмсәнсіз. Тек соны өз мәнінде орынды қолдана білсек нұр үстіне нұр.

Балғынбек ҚАСЫМХАНОВ,
Талдықорған құқық бұзушылықтар жөніндегі мамандандырылған ауданаралық соты әкімшісінің бас маманы-сот отырысының хатшысы

ІІМ ҮНДЕУ ЖАСАДЫ

ҚР ІШКІ ІСТЕР МИНИСТРЛІГІ БАРЛЫҚ КӘМЕЛЕТКЕ ТОЛМАҒАНДАРДЫҢ АТА-АНАЛАРЫ МЕН ЗАҢДЫ ӨКІЛДЕРІНЕ, СОНДАЙ-АҚ СТУДЕНТТЕР МЕН ЖЕКЕ КӘСІППЕН АЙНАЛЫСЫП ЖҮРГЕН ЖАСТАРҒА ҮНДЕУ ЖОЛДАДЫ, ДЕП ХАБАРЛАЙДЫ ZAKON.KZ.

ЖАҢА ОҚУ ЖЫЛЫ БАСТАЛҒАЛЫ 69 ЖАСӨСПІРІМ ҰСТАЛДЫ



ҚР ІІМ баспасөз қызметінің хабарлауынша, бүгінгі таңда елімізде есірткі қылмыстары үшін 69 жасөспірім ұсталды. Оның ішінде 40-ы есірткі өткізгені, 27-сі аса ірі мөлшерде сақтағаны, екеуі есірткі жарнамалағаны және насихаттағаны үшін ұсталған.

"Жаңа оқу жылының басталуымен полиция қызметкерлері еліміздің барлық мектептері мен оқу орындарын профилактикалық іс-шаралармен қамтыды. Жалпы 16 мыңнан астам профилактикалық іс-шара өткізілді, оның 5 мыңнан астамы тәжірибелі ұстаздар, психологтар және нарколог-дәрігерлердің қатысуымен ұйымдастырылды. Атап өту керек, ұсталғандардың 52-і - ұл, 17-сі - қыз балалар. Құрметті ата-аналар мен заңды өкілдер! Сіздерді мынадай белгілер ерекше алаңдатуы тиіс: баланың қолында ақшаның немесе қымбат заттардың кенеттен пайда болуы, телефон мен хат алмасуды жасыруы, әр түрлі күмәнді скриншоттар. Қосымша табыс белгілері - орама қалташалар, шағын пакеттер, оқшаулағыш таспа, электрондық таразылар және басқа да күмәнді заттар. Жасөспірімнің араласатын ортасына, бос уақытын қалай өткізетініне, әлеуметтік желілерде кімдердің аккаунтарына тіркелгенін, мессенджерлерде кімдермен сенімді байланыс орнатқанына ерекше назар аудару қажет. ІІМ есірткі қылмыстарын жасағаны үшін қылмыстық жауаптылық 16 жастан басталатынын еске салады. Балалардың құқықтық тәрбиесіне белсенді қатысуға шақырамыз", - деді ІІМ есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл комитетінің басқарма бастығы Бақытжан Әмірханов.

ЭЛЕКТРОВЕЛОСИПЕДЫ

Вице-министр внутренних дел Игорь Лепеха на брифинге в кабмине рассказал, какими нормами регулируется использование электровелосипедов в Казахстане, передает корреспондент NUR.KZ.

МОЖНО ЛИ ЕЗДИТЬ НА ЭЛЕКТРОВЕЛОСИПЕДАХ ПО ТРОТУАРАМ



Журналисты отметили, что этот вид транспорта стал особенно популярен среди подростков и детей. Они поинтересовались, насколько законно, что они передвигаются по тротуарам, так как скорость их может достигать до 30 км в час.

Игорь Лепеха заявил, что электровелосипеды, независимо от мощности, приравнены к мопедам. По его словам, на сегодняшний день ездить на электровелосипеде по тротуару запрещено, так как это является нарушением. Эта норма уже законодательно утверждена, и нарушители будут привлекаться к ответственности, как и владельцы мопедов."Мы уже отрегулировали. Электровелосипеды вне зависимости от мощности, приравнены к мопедам, то есть на сегодня на электровелосипеде по тротуару ездить нельзя, это нарушение. Эта норма уже законодательно утверждена. Мы будем их также привлекать к ответственности, как и владельцев мопедов", - сказал Игорь Лепеха.

Напомним, с 1 июля в Казахстане вступили в силу новые правила езды на электросамокатах. Были введены требования к возрасту, наличию прав и страховке.

Однако тогда же в МВД анонсировали еще одно ужесточение для электросамокатчиков - запрет на движение по тротуарам и пешеходным дорожкам с 25 августа.

Если раньше допускалось движение по тротуару со скоростью не выше 6 км/ч, то теперь передвигаться на электросамокатах можно только по велосипедным дорожкам или велосипедным полосам, а при их отсутствии - по правому краю проезжей части, обочине.

Беттегі материалдар топтамасын дайындаған Ш.ХАМИТОВ

ХХ ЖАЗҒЫ АЗИЯ ОЙЫНДАРЫ

ЖІГІТТЕРІМІЗ ЖАРАДЫ

KAZINFORM ДЕРЕККӨЗІНІҢ ХАБАРЛАУЫНША, ЖАПОНИЯНЫҢ АЙЧИ ПРЕФЕКТУРАСЫ ЖӘНЕ НАГОЯ ҚАЛАСЫНДА ӨТІП ЖАТҚАН ХХ ЖАЗҒЫ АЗИЯ ОЙЫНДАРЫ ТАСЖОЛДАҒЫ ВЕЛОЖАРЫСЫ ӨЗ МӘРЕСІНЕ ЖЕТТІ.

Ерлер арасында топтық жарыста Алексей Луценко, Евгений Федоров, Николя Винокуров ел намысын қорғады.

Қортындысында, қазақстандық спортшы Алексей Луценко 4 сағат 13:11 минут нәтиже көрсетіп, мәреге бірінші болып жетті. Осылайша, отандасымыз төрт Азия ойындарына қатысып, 6 дүркін Азия чемпионы атанып отыр.

Сүйсінерлігі сол, осы сында жетісулық велошабандоз Евгений Федоров 4 сағат 15:09 минут нәтижемен күміс жүлде еншіледі.




Алексей Луценко



Евгений Федоров

БҰҚАРАЛЫҚ СПОРТ – БАРШАҒА

АРДАГЕРЛЕР АРАСЫНДАҒЫ ЖАРЫС







Панфилов ауданында бұқаралық спортты кеңінен өрістете түсу жолында игілікті істер атқарылу үстінде. Соған орай, тұрғындардың қолжетімді спорт түрлерімен шұғылдануына ықпал ету мақсатында түрлі жарыстар өткізіліп, ауыл тұрғындарын көптеп тартудамыз.

Жастармен қоса қарттарды да қалыс қалдырмай жас ерекшеліктеріне лайық турнирлер ұйымдастыруды дәстүрге айналдыра бастадық. Сөзіміздің дәлелді болуы үшін аудан көлемінде ардагерлер арасында соңғы өткен жарыс жайлы тоқтала кетейік. Атап атйқанда, Жаркент қаласында Спорт күні мерекесіне орай ардагерлер арасында шахмат, дойбы және тоғызқұмалақтан жарыс ұйымдастырылды. Аталған спорттық іс-шараға 60 ардагер қатысып, өздерінің шеберліктері мен спортқа деген қызығушылықтарын көрсетті.

Тартысқа толы өткен турнирдің қорытындысы бойынша шахматтан Асымжан Абдурашитов жеңімпаз атанды. Екінші орын Аюбжан Құдайбердиевке бұйырды. Үшінші орынды Нариман Зипаров еншіледі.

Дойбыдан Болатпай Көбенбаевтың мерейі үстем болып, бірінші орынды жеңіп алды. Екінші орын Еркінбек Сатыбалдиевтың еншісіне тиді. Үздік үштікті Жағыпар Мұздыбаев түйіндеді.

Тоғызқұмалақтан Қ.Өмірзақовтың асығы алшысынан түсіп, көш бастады. Екінші орынға Б.Найманбаев ие болды. Үшінші жүлделі орынға Е.Құлжабеков жайғасты.

Спорт — денсаулықтың кепілі, ал ардагерлердің спортқа деген қызығушылығы — кейінгі ұрпаққа үлгі болары даусыз. Сондықтан аталған спорттық шараға белесене қатысқан барлық ардагерлерге айтар алғысымыз шексіз!

ФУТБОЛ

ТАРТЫСҚА ТОЛЫ ӨТКЕН ТУРНИР

7 қыркүйек күні Басқұншы ауылында бұқаралық спортты дамыту және жастар арасында салауатты өмір салтын насихаттау мақсатында футболдан жарыс ұйымдастырылды.

Тартысқа толы өткен бұл турнирге қатысқан командалар өздерінің спорттық шеберліктерін көрсетіп, алаңда жеңіске деген жігері мен командалық бірлігін танытты. Ойын барысында әр кездесулер қызықты да шиеленісті жағдайда өтіп, көрермендерге қызықты сәттер мен көтеріңкі көңілкүй сыйлады. Командалардың деңгейлері шамалас болғандықтан соңғы турға дейін жеңімпаз команданы анықтау мүмкін болмады. Тек соңғы ойындардың қорытындысы бойынша ғана жеңімпаз бен жүлдегерлер қатары әйгіленді. Сөйтіп, «Жаркент алғыр» командасының аяқдопшылары турнир жеңімпазы атанды. «Алаш» командасы екінші орынға табан тіреді. «Үлкеншыған» командасы үшінші жүлделі орынды еншіледі.





Жеңімпаз командалар арнайы марапаттармен атап өтіліп, үздік ойыншыларға жақсы ойын өрнегін көрсетіп, шеберлік танытқаны үшін алғыс білдірілді.

Мұндай спорттық шаралар жастардың бос уақытын тиімді өткізуіне, салауатты өмір салтын қалыптастыруына, спортқа деген қызығушылығын арттыруға және бұқаралық спортты дамытуға зор ықпал етеді. Барлық қатысушыларға белсенділіктері үшін алғыс айтып, жеңімпаздарды шын жүректен құттықтаймыз!

Сержан ӘБІЛҒАЗЫ,
«Жетісу облысы бұқаралық спортты дамыту және спорттық іс шараларды өткізу спорт клубы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі Панфилов аудандық филиалының дене шынықтыру жөніндегі спорт нұсқаушысы.

АҚПАРАТТАР АҒЫНЫ

ОҚУШЫЛАРЫМЫЗ ОЛЖАЛЫ ОРАЛДЫ

«Ж.Үшкемпіров атындағы Талдықорған қаласындағы олимпиадалық резервтің облыстық мамандандырылған мектеп-интернат-колледжі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің спортшылары түрлі жарыстарда жақсы нәтижелерге ие болуын жалғастыра түсуде.



Үстіміздегі жылдың қыркүйегінің 15–20 аралығында Текелі қаласында бокстан жастар арасында Жетісу облысының чемпионаты өтті. Бұл біріншілікте біздің былғары қолғап шеберлері төрт медаль олжалады. Атап айтсақ, 60 келі салмақта Ерасыл Текесбай мен 65 келіде шаршы алаңға шыққан Амир Жанадилов алтыннан алқа тақса, 80 келі салмақта бәсекеге түскен Омар Берликаш финалдық кездесуде ғана қарсыласына есе жіберіп, күміс медальға ие болды. Ал, Нұртас Нұрболұлы 65 келі салмақта жұдырықтасып, қола жүлдегер атанды.

* * *



2026 жылдың қыркүйегінің 14–20 аралығында Қызылорда қаласында өткен жасөспірімдер және балалар арасында садақ атудан Қазақстан Республикасының чемпионатында біздің



спортшыларымыз тамаша табысқа жетті. Мәселен, біздің садақшы Ясмин Галиахметтің өзі (U18W) бойынша насана көздеудің әр түрінен үш алтын және бір күміс медальды қоржынға салды. Сонымен қатар, Батық Аяулым (U18W) мен Ерасыл Мұқан (U15M) да өз қашықтықтары бойынша жеңімпаз атанды. Ал, командалық сайыста (U18M) Аққенже Жолдыбек пен Алишер Жұмабек қола жүлдегер атанды.



Осылайша, аталған жарыстардан олжалы оралған оқушыларымызды және олардың бапкерлерін құттықтай отырып, жеңіс жалғасты болсын деп тілейміз!

Айман СЕРІККҰЛОВА,
мектеп-интернат-колледжінің әдіскері

ЕРКІН КҮРЕС

КҮМІС МЕДАЛЬ ҚАНЖЫҒАЛАДЫ



Ақтөбе қаласында ауыл жасөспірімдерінің V жазғы ойындары өтіп жатыр. Осы дүбірлі додада жетісулық спортшылар да ойдағыдай өнер көрсетуде. Спартакиада бағдарламасы аясында еркін күрестен өткен бәсекеде Сарқан ауданының балуаны 2009 жылы дүниеге келген Бақытнұр Мағына 55 келі салмақта жеңіс тұғырының екінші сатысына көтеріліп, күміс медальды еншіледі. Білікті де, білгір бапкер Дәурен Қасабаевтың шәкірті боз кілемде қарсыластарын алып та жығып, шалып та жығып алтын үшін ақтық белдесуге дейін алқынбай жетті. Тек шешуші кездесуде қарсыласына есе жіберіп, күміс жүлдегер атанды.

Бүкіл еліміздің түпкір-түпкірінен жиналған кілең мықтылар қатысқан бұл ойындардың күміс медалін олжалау да сарқандтық балуан үшін сөзсіз үлкен жетістік. Сондықтан оны осы жетістігімен құттықтай отырып, алдағы уақыттағы жарыстарда да табыс тілейміз!

Өз тілшіміз

КЕРЕК КЕҢЕС

АДАМ АҒЗАСЫНА ПАЙДАЛЫ 11 КӨКӨНІСТІ БІЛЕСІЗ БЕ?

Күнделікті ішіп-жеген асымыз ағзамызда "қалдықтарын" қалдырады. Ал оны уақытында тазартып отырмасақ, түрлі ауруларға әкеп соғуы мүмкін. Осы орайда KAZ.NUR.KZ порталы Muslim.kz басылымына сілтеме жасап ағза тазалауға таптырмас 11 көкеніс туралы ақпарат ұсынады.



1. Миндаль. Миндальдың құрамында қандағы қант мөлшерін қалыпта ұстауға көмектесетін кальций, магний мен ағуыздар көп. Ал оның құрамындағы май ағзадан холестеринді шығарып, ішек жолдарының жұмысын жақсартуға көмектеседі.



2. Авокадо. Авокадо холестерин мөлшерін азайтып, қан тамырларын кеңейтеді. Құрамындағы глютатион 30 түрлі канцрогендердің жолын кеседі.



3. Қызылша. Минералдарға бай қызылша инфекциямен жақсы күреседі. Сонымен қатар қан құрамы мен бауырды тазалайды.



4. Көкжидек. Көкжидек құрамында ауыру сезімін жоятын табиғи аспирин бар.



5. Орамжапырақ (капуста). Көкеністің құрамындағы көптеген антиоксиданттар бауырға қауіпті заттардан арылуға көмектеседі. Сондай-ақ орамжапырақ ішектің қозғалыс функциясын арттырып, асқорыту жүйесін тазартады. Темекі түтінінің зиянын азайтады.



6. Мүкжидек. Ол антибиотик, әрі вирусқа қарсы дәрілердің ролін атқарады.



7. Зығыр дәні мен майы. Зығыр дәні омега үшке бай. Демек, ағзаға таптырмас тазарту құралы болып саналады. Сондай-ақ зығыр дәні мен майы ми жұмысын жақсартады.




8. Сарымсақ. Көп адам ұната бермейтін сарымсақ қауіпті бактериялар мен паразиттерді, қандағы, ішкі органдар мен тыныс жолдарындағы вирустарды жояды.




9. Бұршақ тұқымдастар. Үрмебұршақ, жасымық, ноқат, өзге де бұршақтар холестерин мөлшерін төмендетеді. Олар ішек жолдарын тазартып, қан құрамындағы қант мөлшерін қалыпқа келтіреді. Сонымен қатар ағзаны онкологиялық аурулардан қорғайды.



10. Лимон. Ол ағзадағы қышқылды-сілтілік тепе-теңдікті реттейді. Сондай-ақ, рактың алдын алып, ағзаның ластануына жол бермейді.



11. Балдырлар. Су өнімі ағзадағы ауыр металдар мен радиоактивті қалдықтарды жояды.



Тарату аумағы: *Қазақстан Республикасы*

Меншік иесі "АЛМАТЫ-БОЛАШАҚ" АҚ

Құрылтайшы: Ырым КЕНЕНБАЙ

Баспахана директоры Бақберген ТУКИБАЕВ

Бас редактор Баян ТАҢАТАРОВА

Редакция алқасы:
Сембек ӘБДІРАХМАНОВ – тілші
Құралай МУСАНОВА - корректор-журналист
Гүлшат БІЛІСБАЙҚЫЗЫ – дизайнер-беттеуші
Айнаш БИЯХМЕТОВА – дизайнер-беттеуші

Кезекші редактор: Қ. Мусанова

Газет Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінде 2007 жылғы 27 тамызда тіркеліп, № 8639-Г куәлігі берілген.

Газет аптасына бір рет, жұма күні шығады. Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.

Газет Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32 үйде "Алматы-Болашақ" АҚ филиалы "Офсет" баспаханасында басылады.

Редакция мекенжайы: 040000, Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үй, екінші қабат.

Телефондары: 8(7282) 41-11-70, 41-11-42;
E-mail: alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru
Сайты: alatau_gazeti
Газет 07.08.2000 жылдан бастап қазақ және орыс тілдерінде аптасына бір рет - жұма күні шығады.

Таралымы 2000
Тапсырыс № 867
Индекс 15534